



## ПРЕЗИДЕНТ АЛМАТЫДА



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНА КЕЛДІ. БҮЛ ТУРАЛЫ AKORDA.KZ ХАБАРЛАДЫ.

Президенттің Алматыдағы жұмыс сапары қаланы абаттандыруға бағытталған жобалармен танысудан басталды. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысына қаланың полиорталық моделін қалыптастыруды көздейтін «Жаңа Алматы» бағдарламасы туралы баяндады. Әкім аталған жобаның қала тұрғындары үшін өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап, олардың еркін демалуына, жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталғанын айтты.

Ел Президенті сапар барысында мегаполистегі қазіргі уақытта аса қажет медициналық қолғаптар, үш және төрт қабатты бетперделер, халаттар, дәрі-дәрмектер шығаратын «Dolce» кәсіпорнында, Жапония, Швейцария және Германиядан әкелінген инновациялық құрылғылармен тез дайындалатын азық-түлік өнімдерін өндіретін «Маревен Фуд Тянь-Шань» компаниясында, Іле ауданындағы «Лукойл Лубрикантс Орталық Азия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жағармай шығаратын зауытында болды.

Кәсіпорындарды аралап көрген Президент олардың жұмыстарына оң баға беріп, табысты дами берулеріне тілектестік білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұлан құрылымының Алматы облысындағы Жауынгерлік және әдістемелік дайындық орталығында өткен «Қайсар-2021» жедел-тактикалық оқу-жаттығуларына барып, жаттығу жүйелері мен биікке өрмелеу қабырғалары және оқу орталығының мультимедиялық мылтық ату полигонын аралады. Жоғарғы Бас қолбасшыға Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев ведомство қызметкерлерінің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тапсырмаларды орындауға дайындығы туралы баяндап, арнайы, әскери техникалар мен қару-жарақтардың үлгілерін көрсетті.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Заң газеті»

## АҢҚАУ ЕЛГЕ «АРАМЗА МОЛДА» КӨБЕЙДІ



Дәстүрлі медицина мүмкіндіктері артқанымен, елімізде халық емшілеріне, баламалы ем-домға жүгінушілер саны азаймай тұр. Шала сауатты емшінің кесірінен зарбап шегушілер қатарын көбейіп отыр. Шындығында қазір қарасаңыз, үй жағдайында алтын ине салып, хиджама жасатып, сүлік салушылар, сынықшылар, балшықпен, шөппен емдеушілер қаптап кетті. Мемлекет тарапынан бақылау болмағаннан кейін медициналық білімі жоқ, күмәнді курстарды оқып алып, адам емдеуге кіріскендер үйінде антисанитариялық жағдайда ем жүргізіп, ауруына шипа іздеп келгендерге ем орнына жұқпалы ауру жұқтырып жіберетін кездері де аз емес.

(Соңы 3-бетте)

### ОҢ ҚАДАМ

#### ЕҢБЕК ДАУЫНА ЕНЖАР ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру, азаматтарды артық сергелденге салмау – мемлекеттің маңызды міндетінің бірі. Осы орайда ең оңтайлы шешімдердің бірі – кейбір дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеу мәселелерін кеңейтумен байланысты. Негізсіз шағымдарды азайтып, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, даулы тараптарға сотқа дейін жанжалды реттеу мүмкіндігін айтып, соттан тыс татуласу институтын дамыту – соттардың ортақ міндеті.

Манғыстау облысы шағын болғанымен, өңірде ірі кәсіпорындар мен мекемелер өте көп. Сондықтан еңбек даулары да көп кездеседі. Қызметкер мен жұмыс беруші арасында реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың орындалуы туралы келіспеушіліктер жоқ емес. Оның барлығын сотқа дейін шешудің тиімділігі өте зор. Міне, сол себепті соттар тұрақты түрде үлкен еңбек ұжымдарында медиация кабинеттері мен татуластыру орталықтарын ашуға ұйытқы боп келеді.

(Соңы 2-бетте)

### ТҰЛПА



## АҚИҚАТ ПЕН АРМАНДЫ ҚАБЫСТЫРҒАН ҚАЛАМҒЕР

(Кемел Тоқаявтың шығармашылығы жөнінде бірер сөз)

Белгілі бір қаламгерді соцреализм маңайынан ұзап шықпады деп бұрынғыдай келте кесіп айта салу, ХХ ғасырдың ортасы мен 80-ші жылдардағы әдеби процестегі көркемдік ізденістерге көлеңке түсіреді. Олар соцреализмнің шеңберінде шектеліп қалмай, әлем әдебиетінде бар, қазақта жоқ соны жанрларды жаңаша дәуір талабына сай, көркемдік әдіспен лайықтап игеруді жолға қойды. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған фэнтези, фантастика, детектив жанрларын әлемдік әдеби деңгейде игеру процесі кең қанат жайды, одан ешбір қаламгер қағыс қала алмады.

Соцреализм негізінде әдеби процеске атсалысушылардың кейбірі таптаурын ескі сүрлеуден шыға алмай, шығармашылық тоқырауға ұрынды. Олардың тоқырауының орнын К.Тоқаяв «Тасқын», А. Машани «Жер астына саяхат», Т.Рымжанов «Өлместің күні», Т. Сұлтанбеков «Лұхман Хакім», М. Сәрсек «Ғажайып сәулелер», Ж. Сахиев «Шолпанға көшкен ауыл» А. Мархабаев «Ғарыштағы қымыз» т.б. сөз зергер-

лерінің жаңа әдеби ұмтылысы басты. Осы орайда, К.Тоқаявтың детектив жанрын шығармашылықпен игеруі – өмірлік материалдарды көркемдікпен пайдаланудағы соны ізденістерінің бірі еді. Автордың Еуропа әдебиетінің жетегінде кетпей өз шығармашылығын ұлттық көркемдік дәстүрмен тығыз байланыстыра білгенін ерекше атап өте аламыз.

(Соңы 5-бетте)

## ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС МЕДИЦИНА НАРЫҒЫН ҚАЛАЙ БАҚЫЛАЙМЫЗ?

**Бақыт ТҮМЕНОВА, «Аман саулық» қоғамдық қорының төрайымы:**  
– Қазір халықтың денсаулығы арқылы пайда табуды көздегендерге тиісті қадағалау болмай тұр. Осыны пайдаланып медициналық білімі жоқ талай ел ем-доммен айналысып жүр. Бұл салада мемлекеттік реттеу жойылғалы бері, нарықтың қадағалаусыз қалғанын біліп, көрші қырғыз, өзбек және басқа елдерден өзін емші атағандар ағылып келуде. Сондықтан бұл салаға бақылау керек.  
Бірнеше жыл бұрын астаналық анестезиолог-реаниматолог дәрігер Ғабит Рысбаев та «халық емшілерінің ауруларға диагноз қойып, емдеуіне тыйым салу керек» деп бастама көтерген. «Мені алаңдататыны: бүгінде емшілер, хиджама жасайшылар көбейіп кетті. Қазір қойшы да, шаштараз да – хиджамашы. Себебі мемлекет тарапынан тексеріс жоқ, тыйым жоқ.

2009 жылғы 18 қыркүйектен бері қолданыста болған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс бойынша бұған дейін жеке тұлғалар тек министрлік аккредиттеген денсаулық сақтау ұйымдары беретін сертификат негізінде ғана халықтық медицинаның емшілік әдістерін қолдана алатын. 2012 жылы қабылданған «Кейбір заңнамалық актілерге рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес заңнамадағы емшілерге қатысты талап алынып тасталды. Нарықтың бақылаусыз қалғанын байқап, ел ішінде емшілер қаптап кетті. Ендеше, емшілікті пайда табу көзіне айналдырғандармен қалай күресеміз?

Халықтың көзін ашу үшін дәстүрлі медицина жетістіктері ел ішінде көбірек насихатталуы тиіс. Телеарналарда арнайы медициналық телебағдарламалар жасалып, осындай алаяқ емшілердің әрекетінің соңы қайғылы жағдайлармен аяқталған оқиғаларға терең талдау жасалуы қажет.

(Соңы 3-бетте)



ОҢ ҚАДАМ

# ЕҢБЕК ДАУЫНА ЕНЖАР ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еңбек ұжымдарындағы дау-жанжалды азайту мәселесіне мемлекеттің өзі үлкен мән беріп келеді. Былтырғы жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне артық рәсімдер мен шығындарды қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Өзгеріс бітімгершілік рәсімдер мен ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана отырып, процеске қатысушылар үшін азаматтық істерді қараудың ыңғайлы әрі жылдам тәртібін қалыптастыруға бағытталды. Осы өзгерістер мен толықтырулар бойынша татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қою арызын қабылдау арыз түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұрын бұған бес күн кететін. Сол сияқты бұрын тек тараптардың адвокаттары ғана партисипативтік келісім жүргізе алатын. Бірақ мұндай келісімге келу өте сирек кездесетін еді. Ендігі жерде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңына сәйкес, заң консультанттары да дауды реттеу бойынша тараптар арасында келіссөздер жүргізіп, істі партисипативтік рәсіммен қарауға ұсына алады.

Өткен жылы «Өзенмұнайгаз» ғимаратында, жақында ғана «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «Теңіз сервис» ЖШС ғимаратында медиация кабинеттері ашылды. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Қазақстандағы мұнай-газ саласындағы орасан зор бес компанияның қатарына енген, әрі Маңғыстау облысындағы ірі жұмыс беруші болып табылады.

Судьялар мен медиация орталығының өкілдері ұжым басшыларымен екі жақты келісім негізінде еңбек ұжымдарында еңбек дауларының алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыс-

тары мен басқосулар өткізіп тұруға келісті. Қазіргі таңда жұмыс беруші мен жұмысшылардың арасындағы еңбек дауларын шешу, дауларды сотқа жеткізбей реттеу үшін заманауи механизмдерді енгізу өз жемісін беріп келеді. Ал мұндай басқосулар жұмысшылар мен кәсіпорынның еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуге арналған ұсыныстарды қарауға, еңбек және басқа да мүліктік (экономикалық) даулар тараптары бір-біріне қойған талаптардан өзара шегіну арқылы дауды (жанжалды) тиімді шешуге бағытталған нақты жоспарларды жасауға ыңғайлы.

Көбіне азаматтар жұмысқа қайта орналасу, жалақы өндіру, қосымша төлемдерді өндіру немесе тәртіптік комиссияның шешімдерімен келіспей сотқа жүгініп жатады. Заң бойынша әдетте еңбек даулары тараптардың келісімімен келісім комиссиясында қаралады. Жұмысшы келісім комиссиясының шешімімен келіспесе, үш айдың ішінде сотқа жүгінеді.

Аудандық соттардың еңбекті қорғау және бұзылған құқықтарды сотқа дейін қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен бірлесе әрекет жасауы нәтижесінде көптеген талап қою арыздары сотқа дейін шешімін табуға. Жалпы еңбек медиациясы еңбек дауларының екі жаққа да тиімді жолмен шешілуін көздейді. Жұмыс беруші де, жұмысшы да кез келген дауды алдымен медиативтік келісіммен шешуге тырысқаны абзал. Бұл уақыт жағынан да, шығын жағынан да ұтымды әрі достық қарым-қатынасты сақтап қалуға кепілдік береді. Соған орай соттарда медиацияның қолданысын арттыру бойынша ауқымды жұмыстар өз жалғасын таба бермек.

Мұрат АУБАКИРОВ  
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

БІТІМ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Мұндағы негізгі мақсат – медиация барысында екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Бұл тақырып бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде үнемі көтеріліп жүр.



## ЕРІКТІ КЕЛІСІМ ЕЛГЕ ПАЙДАЛЫ

«Медиация туралы» заң қазақ халқының ұмытыла бастаған дала заңын, салт-дәстүрін қалпына келтіруге жасалған игі қадам десек те болады. Сондай-ақ, даулы мәселені оңтайлы шешудегі баламалы тәжірибе ретінде медиация тәсілін қолдану сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір кепілі болмақ.

Жеке немесе заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша істерде медиация қолданылып келеді. Отбасы мүшелерінің арасындағы даулар азаматтық істердің басым бөлігін құрайды, атап айтсақ, некені бұзуға, бірлесіп жинаған ортақ мүлікті бөлуге, алимент өндіріп алу туралы, баланың тәрбиесіне және онымен араласуға кедергі келтірмеуге байланысты

және балалардың тұрғылықты жерін, баламен кездесу уақытын анықтауға қатысты дауларға байланысты азаматтық істер ортақ келісіммен шешіледі.

Некені бұзу туралы азаматтық істі қараған кезде судья ерлі-зайыптыларды ажыратуды емес, керісінше татуластыруды, бір сөзбен айтқанда заңды некені сақтап қалуды көздейді. Ажырасамыз деп келген тараптарға судья дауды татуластыру рәсімдері арқылы шешудің тиімділігін, отбасылық құндылықтың маңызын түсіндіреді. Осындай шаралардың нәтижесінде бүгінде сот залынан тараптардың келісімге келіп, дауларын бітімгершілікпен шешіп шығатын жағдайларын жиі байқауға болады.

Қаншама ажырасуға ниеттенген отбасылар осы татуластыру рәсімдерінің арқасында шаңырағын шайқалтпай сақтап қалады.

Жасыратыны жоқ, соңғы уақытта ажырасу жайттары жиілеп барды. Бұған көбінесе екі жақтың бір-біріне деген сенімсіздігі, қызғаныш, тұрмыстық жағдайлар, әлеуметтік желілердің де әсері бар. Қалай десек те бір отбасының ойраны шығып, баланың тірі жетім қалғаны кім-кімге де оңай емес. Сондықтан ағайын, туыс пен ақсақалдар жас отбасыларға бағыт-бағдар беріп, ақыл-көнесін айтып отырса, мұндай жағдайлар азаяр еді.

Азаматтарға айтарымыз, отбасында ұрыс-керіс орын алса, ең бірінші, ақылға жеңдіріп, сабырға келуге ұмтылу керек. Бүгінде Жанақала аудандық сотына ажырасуға ниет білдірген 6 отбасы медиация тәртібімен келісімге келді.

Отбасында ауызбіршілік болса, кез келген қиындықты жеңуге болатыны ақиқат. Өз ұясын қорғап, сактай білетін адам мемлекеттің де берік болуына атсалысады деп ойлаймын.

И.ИРГЕБАЕВ,  
Жанақала аудандық сотының судьясы  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

# БОЛАШАҚТЫ БАЯНДЫ ЕТЕТІН – ЗАҢ

Мемлекеттің тұғырын биіктетіп, тамырын тереңдетіп, болашағын баянды ететін де – заң. Тіпті, кешегі бабаларымыз да қарар қабылдап, құжатын тасқа баспағанымен, өзінің әрбір қадамын, ру арасындағы байланыстарын, көрші елдер арасындағы елшілік қарым-қатынастарын, ішкі, сыртқы дауларын осы қағидаларға сүйеніп шешіп отырған.

Тарихта «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысы» деген аттармен қалған дала заңдары бүгінгі Ата Заңымызға негіз болғаны шындық. Бұл қазақ халқының қашаннан заңға бас игенін, әрбір ісін әділдікке, адалдыққа сүйеніп жасағанын аңғартады. Міне, сол бабалар салған сара жолды жалғап, әлемдік өркениеттің озық үлгілерін ескере отырып дайындалған Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына биыл 26 жыл толмақ.

Көпшіліктің талқысынан өтіп, таңдауына айналған Басты құжатымыздың авторы – бүкіл Қазақстан халқы. Өйткені, бұл заңның қабылдануынан

қазақстандықтардың ешқайсысы шет қалған жоқ. Құжаттың дайындалуына еліміздің мықты заңгерлерінен бастап, қоғам қайраткерлері, құқық қорғаушылар, үкіметтік емес ұйым мүшелері, қарапайым тұрғындардың өзі үлесін қосты. Бас құжаттағы әр бап, әр тарау терең ізденістің нәтижесі, мемлекеттің дамуын айшықтап, азаматтардың тағдырына жауапты болғандықтан мұндағы тетіктердің барлығы үлкен талқыдан өткен болатын. Және бұл жұмыс барысында әлемдегі дамыған елдердің Конституциялары сараланып, оның Қазақстан халқының менталитетіне, табиғатына сәйкестігі ескерілді. Үлкен еңбекпен жасалған Ата Заң халықтың



И.ДОСЕТОВ  
Маңғыстау облысының  
Қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының төрағасы

да көңілінен шықты. Сөйтіп, 1995 жылдың 30 тамызы күні қазақстандықтар Ата Заңын қабылдауына бірауыздан дауыс берді. Осылайша, ел саясатын құптайтынын, мемлекеттің дамуына сенетінін, елдегі татулық пен бірліктің нығайтуына үлес қосатынын іс жүзінде дәлелдеді. Міне, содан бері 30 тамыз Қазақстандағы ұлық мерекенің бірі саналады. Тәуелсіз елдің төл заңының туған күні болып табылатын бұл мереке әрбір азамат үшін қадірлі, қасиетті.

Конституциямыз тәуелсіз елдің аяғынан тік тұруына ықпал етті. Бұл заң егеменді елдің мемлекеттік құрылымдарын қалыптастырып, болашағына бағдар берді. Азаматтардың бостандығы мен қауіпсіздігінің кепіліне айналып қана қоймай, түрлі ізгі реформалардың бастамашысы ретінде танылды. Ата Заңымыз Қазақстан азаматтарының барлық құқықтық қадамын негіздейтін басқа да заңдардың сапалы, сындарлы жасалуына себепші болды. Ендеше, әлемдегі ең жас конституциялардың бірі саналатын Қазақстанның бас құжаты айналдырылған 26 жылдың ішінде талай жақсы істердің жарышы болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Осы жылдар ішінде Ата Заңымыз демократиялық мемлекет құру жолында еліміз бойынша жүргізілген құқықтық реформалардың жүзеге асуына және ойдағыдай дамуына тыңғылықты үлес қосты.

Конституцияда қарастырылған баптардың үштен бірі азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен мін-

деттерін бекітеді. Бұл жалпы мемлекет үшін адамның ең жоғарғы сатыда тұрғандығын, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам екендігін сөз жүзінде ғана емес, құжат жүзінде нақтыланғанын көрсетеді. Ата Заңымызға сүйенген кез келген азамат өз құқығын сот арқылы еш кедергісіз, жедел, сапалы қорғай алады. Құқықтық мемлекет қалыптастыруды мақсат етіп елімізде сот жүйесі тәуелсіз. Әрбір іс бойынша шешім шығару барысында судья тек қана заңға бағынып, шешімін тек соған ғана негіздейді.

Бүгінгі таңда қоғамдық келісім мен халықтың бірлігі – еліміздің басты байлығы және өзгелерге үлгі боларлық ең қымбат қазынасы. Дәстүрлі түрде 30 тамызда атап өтетін Конституция күні Отанымыздың игілігі жолында алға қойылған барлық мақсаттарға қол жететіндігіне сенімдімізді арттыра түседі. Татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкілазаматтық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің қамтылғанын айғақтайды.

Жиырма алтыншы белестен асқалы отырған Конституция әлі де пәрменді, сонысымен де өміршен. Ал, оны тұғырынан түсірмей, келер ұрпақтың қауіпсіз өмірінің кепіліне айналдыру сіз бен біздің заңды сыйлауымызға, қадірлеуімізге байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн.

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛҒАН ТИІМДІ

Сыбайлас жемқорлық үнемі мұқият зерттеуді, жүйелі көзқарасты, жан-жақты және жедел әрекет етуді қажет ететін қазіргі қоғамның теріс құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуға, инвестициялық климатқа кері әсер етіп, халықаралық аренада мемлекетіміздің имиджін төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты басымдығы болып табылады.

Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін сот кеңселерінде Ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі жұмыс істейді. Бұл бөлім профилактикалық іс-шараларды тұрақты негіз-

де өткізеді. Мәселен, сыбайлас жемқорлық элементтеріне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық көріністері туындаған кезде азаматтардың жүгінуіне мүмкіндік беру мақсатында күнделікті қабылдау жүргізу механизмі қарастырылған.

Бұдан басқа, судьялық корпус пен сот қызметкерлерінің жұмысындағы сыбайлас жемқорлық факторларының алдын алып шұғыл шара қабылдау мақсатында «жедел телефон желісі» (Call-центр) жұмыс жүргізеді. Бұл азаматтардың өтініштеріне, ұсыныстарына, шағымдарына дер кезінде ден қою, судьялық корпус пен сот қызметкерлерінің тарапынан құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды жедел алу үшін қосымша жағдайларды қамтиды.

Сот жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында әр жарты жыл сайын Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы» заңын жүзеге асыруға байланысты, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша аудандық соттарда іс-шаралар жоспары әзірленіп, судьялар мен сот қызметкерлері арасында дәрістер, семинарлар, тағы да басқа іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланып, сұхбаттар беріледі.

Ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерін жоспарлы түрде алдын алуды және мемлекеттік органдар арасындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау кезіндегі нольдік көрсеткішке қол жеткізуді мақсат етеді.

Саламат ЖАЙЛЫХАНОВ,  
Медеу аудандық №2 сотының бас маманы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АҢҚАУ ЕЛГЕ «АРАМЗА МОЛДА» КӨБЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда олар көп жағдайда жазасыз қалып жатады. Өйткені, ұлт саулығын саудаға салғандарды тексеріп, жауапкершілік сұрап жатқан ешкім жоқ.

Мәселен, жақында Маңғыстауда велосипедтен құлап, қолы сынған баланы ата-анасының сынықшыға апаруының соңы баланың қолын кесумен аяқталған. Дұрыс ем жасалмаған баланың қолы шынтағына дейін іріңдеп кеткен соң, дәрігерлер ота жасап, кесіп тастауға мәжбүр болған. Алдымен сынықшының еміне жүгініп, баланың қолы жансызданып, ештеңе сезбей қалғанда ғана ата-анасы Жаңаөзен қалалық ауруханасына әкелген. Осы аурухананың балалар дәрігері Қайрат Күрманов «Біз барлық жағынан тексеріп көрдік. Асқынып кеткен. Сондықтан, амал жоқ, қолын кестік. Олай болмаған жағдайда ісік денеге тарап, өліп кету қаупі болды» дейді. Қазіргі күні бұл мәселемен Жаңаөзен қалалық полиция басқармасы айналысып жатыр. Алайда, баланың ата-анасы тарапынан емшінің үстінен шағым берілмеген. Өз аяқтарымен барып еміне жүгінген

соң, айыптай алмай, емшілердің көп жағдайда жазасыз қалып жататынын бір дәлелі осы.

Быттыр жаппай індет өршіген кезде де коронавирусқа қарсы сан түрлі ем ойлап тапқандар аз болмады. Ел ішіндегі хаосты, халықтың сансырап жанына шипа іздеп кеткенін дер кезінде аңғарғандар түйенің зәрін де, «Көбейтүз» көлінің балшығын да, зымбір қосылған суды да «мын бір дауа емге» балады. Оның салдары ауыр болғанын кейін, науқастар көбейіп, ауру асқына бастағанда сезіндік. Солардың бірі былтыр карантиннің кезінде дәстүрлі медицинаны айыптап, өзінің емдік жаттығуларын жарнамалап халықты өзіне тартқан дәрігер Айна Бакеева болатын. Желіде тыныс алу жаттығуларын үйретуді бизнеске айналдырып алған дәрігердің емі былтыр талай талқыға түскен еді. Шетелдік дәрігерлер «коронавируспен ауырып жатқандарға тыныс алу жаттығуларын жасауға болмайды. Әр адамның ағзасы әртүрлі. Стандартқа сыймайды» деп қанша дабыл қаққанымен, халықтың бір бөлігі аталмыш дәрігердің ақылы еміне жүгінгені жасырын емес. Өкінішке қарай, қадаға-

лаудың жоқтығынан әлеуметтік желі арқылы қаншама адамды дәстүрлі емнен бас тартқызып, өзіне тартқан дәрігердің іс әрекетіне дер кезінде құқықтық баға берілмеді. Ал жақында ҚР Ішкі істер министрлігі журналист Қалыбек Атжанның өліміне байланысты тексеру жүргізіп, Айна Бакееваның үстінен қылмыстық іс қозғады. Өйткені, журналист әлеуметтік желідегі парақшасында Айна Бакееваның суретін салып «Мына кісіні білесіздер ме? Біреулер салып жіберіпті. Осы ханымның айтқандарын істеймін деп нашарлап қалдым. Оның алдында тәуір болып келе жатыр едім» – деп өмірден өтер алдында жазба қалдырған. Қазіргі таңда Қылмыстық-процестік кодекстің 181-бабы 5-тармағы тәртібімен тиісінше тексеру жүргізу үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жамбыл облыстық департаментіне, Жамбыл облыстық полиция департаментіне іс жіберілген. Ведомство мәліметінше, Жамбыл облыстық полиция департаменті тексеруінің қорытындысымен процестік шешім қабылдағанды деп күтілуде. Толық ғылыми тексерілмеген, әркімнің

ағзасына әрқалай әсер ететін емнің соңы осылай аяқталуда.

Өткен аптада тағы бір халықтық ем әлеуметтік желідегілердің ашу-ызасын туғызды. Кішкентай баланы малдың нәжісіне жуындырған суретте емдеудің бұл әдісін желіде 180 000 аудиториясы бар емші қолданып отырғаны жазылған. Сонымен қатар емшінің балаларда көкжөтел болса, оны көгершіннің қанымен емдеу керектігі туралы да ақпарат берілген. Дәстүрлі емнен бұрын халық еміне жүгінетін ата-аналардың балалары осылайша малдың нәжісін, көгершіннің қанын шипа етуде. «Аңқау елге арамза молданың кебін киген емшілер», медициналық ем орнына түрлі әдістер ойлап тауып, мистикалық қиялдарын барынша шарықтатып жатқанының бір дәлелі осы.

Балалардың құқықтарын қорғау комитеті бұл іс бойынша да тергеу жүргізу үшін Ішкі істер министрлігіне жүгінгендерін хабарлады. «Өкінішке қарай, ата-аналардың әрбір нәрсеге сеніп қалуы ауыр зардаптарға әкеледі. Балаларының денсаулығына, физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік дамуына қамқорлық жасау ата-аналардың міндеті. Ата-аналар әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын білуі керек. Олар ӘҚБтК -нің 127-бабы бойынша «Кәмелетке толмағандардың тәрбиесі және (немесе) білімі, құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамағаны» үшін жазаға тартылады. Сондай-ақ, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін Қылмыстық кодекстің 141-бабы бойынша қыл-

мыстық жауапкершілікке тартылады», – дейді комитет өкілі.

Атап айта кетер жайт, бірнеше жыл бұрын Мәжіліс депутаты Ахмед Мурадов «дәстүрлі емес медицина нарығын тәртіпке келтіру қажет» деп депутаттық сауал жолдаған болатын. «Елімізде дәстүрлі емес медицина нарығы өте үлкен. Оған қытай, ислам, қасиетті су, емдік бапак сынды медицина кіреді. Ол жерлерде емделген адамдармен де кездестім. Ол жақта не бақылау, не нормалау, не басқару жоқ. Қаржы айналымы қандай екендігін ұсынатын біреу бар ма әлде жоқ па? Бірақ, өте қымбат төлем жасайды. Нәтижелері де сорақы болатын жағдай жиі кездеседі. Жағдайы нашарлағанда ғана кепілдендірілген медицинаға жүгінеді. Бұл мәселені Денсаулық сақтау министрлігі қаперге алуы қажет» – деген болатын.

Елімізде баламалы ем түрлері мүлдем бақылаусыз. Сондықтан нарықтың қадағалаусыз қалғанын байқағандар әлеуметтік желі арқылы қызметтерін ұсынып, көрші елдерден де ағылып келіп, ғылыми негізсіз емінен халықтың қалтасын қағуда. Әлеуметтік желіде арнайы ақылы курс ашып, топтық емнен өт тазалап, ашығу арқылы салмақ тастатқызып, ауадан ақша жасап отырғандар да жетерлік. Қазіргі таңда олардың емінің қаншалықты нәтижелі, емшінің қаншалықты тәжірибелі екенін таразылап отырған ешкім жоқ. Сондықтан еліміздегі халық емшілеріне қадағалау қажет екені сезіледі...

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

**Халықпен тығыз байланыс, салауатты өмір салтын жақсарту, құқықтық сауат, азаматтық бастамаларға мұрындық болуға ұмтылу. Елдегі қоғамдық қорлар мен азаматтық бастама өкілдерінің атқаруға тиіс негізгі жұмыстары осы болуға тиіс-ті. Зайырлы, құқықтық қоғамда ортақ мүдде жолындағы жұмыс көп. Бұл міндеттердің негізгі жүгі де осы азаматтық бастамамен құрылған еркін ұйымдар еншісінде.**

Уикипедиялық анықтамалық қоғамдық қорлар мен бірлестіктерге негізінен: «Саяси партиялар, кәсіптік одақтар мен азаматтардың заңға қайшы келетін өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктерін» жатқызады. Қазақстанда әртүрлі сала бойынша жұмыс атқаратын жүздеген бірлестіктер бар. Ресми анықтамалықтар бұл қорлар мен бірлестіктерге әртүрлі анықтама береді. Оның занды тұлға екенін, ҚР Әділет министрлігінің міндетті түрде тіркеуден өтуі керектігін, бірлестіктің арнайы құжаты мен жарғысы болуы қажеттігін көрсетеді. Ал, шын мәнінде біздегі қоғамдық бірлестіктер мен қорлар осы жарғы талаптарында көрсетілген талап міндеттер аясында еңбек етіп жүр ме?

Әлде бұл бірлестіктер тек есептік ретте құрылған, мемлекеттік тапсырыстар негізінде ғана жұмыс істейтін ұйымдар ма? Осы сауалдар көйденендегенде көпшіліктің еріксіз күмілжитіні анық. Шынығында елде жүзден аса осындай қоғамдық қорлар жұмыс істесе де олардың бәрінің бірдей атына заты сай емес екендігі белгілі. Халық бос тізімді толтырып тұрған бірлестіктердің заты түгіл атынан

бейхабар. Ал мұндай санда бар, сапасы жоқ қоғамдық қорлар халыққа керек пе? Мәселен, естеріңізде болса тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елде әртүрлі еріктілер ұйымы құрылды, экологияға қатысты қоғамдық қорлар, бірлестіктер өз жұмысын бастады. Сол еріктілер мен экологиялық мәселелерді өткір көтеріп, елдегі осы проблеманың шешілуіне атсалысып жүрген ұйым өкілдері бүгін қайда?! Ірі қалалардағы жеңіл көліктерден тарайтын улы газдар мен дизель түтіндерін жою, мұндай көліктер санын азайту жолдарын қарастыру мәселелері көтерілгенде халық қуанған. Елдегі экологиялық апат, су тапшылығы, қуаңшылық мәселесі жекелеген бірлестіктер бағдарламаларынан орын тапқанда тағы да қуана құптаған. Ендеше, осындай игілікті бастамалардың нәтижесі қайда? Енбекті қорғау, көпбалалылар мен жалғызбалалы адамдардың проблемалары да бір кездері осы азаматтық қоғам белсенділерінің аузымен айтылған. Алайда, бүгінгі нәтиже көңіл көншітпейді. Кешегі сол көп бірлестіктердің бүгін бар-жоғы белгісіз. Ендеше, қоғамдық қорлар мен қоғамдық бірлестіктердің миссиясы қандай? Халықтық бағдарламалар төңірегінде бас көтеріп, оны

## ЖАСТАР – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АЙНАСЫ



орта жолдан аяқсыз тастап кету ме? Халық қай салада болса да осындай баянсыз қалатын бағдарламалардан шаршаған. Негізгі заңдық жарғы бойынша қоғамдық бірлестіктер халық алдында көп жүк арқалаған. Мәселен, «Бірлестік Қазақстан Республикасында заң аясында қызмет етіп, барлық сала бойынша жұмыс істей алады. Атап айтар болсақ:

Азаматтардың бостандығын қорғау; Саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаға араласу; Ғылыми, техникалық, көркем шығармашылықпен айналысу; Тіл, мәдениет, үгіт-насихат жұмыстарымен шұғылдану; Қайырымдылық қызметі бойынша халыққа қызмет көрсету; Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау; Жастарға құқықтық тәрбие беру; Патриотизм мен

құқықтық мәселелермен айналысу; Салауатты өмір салтын насихаттау; Қоршаған орта, табиғат пен экологиялық мәселелерді қорғау».

Өкінішке қарай, азаматтардың бостандығын қорғауда азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігі төмен. Өз замандағысының заңмен қорғалған құқығы үшін күресудің орнына бізде оны қосыла қаралау, біреудің құқығын таптау басым. Бұл Қазақстандағы азаматтық қоғамның алға жылжымай отырғанын көрсетеді. Саяси экономикалық, әлеуметтік және мәдени саланың дамуына да қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қорлар білек сыбана кірісіп отырған жоқ. Сондықтан да, бізде бұл сала кемшін. Тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау ісі де кері тартып тұр. Сол себепті әр

өңірден ақшасы бөленбай млрдты құраған, бірақ сапасы сол мыңдардың төңірегін де қамтымайтын сапасыз ескерткіштер көбейген. Құқықтық тәрбиеде де құнды сөз айтар аға буынды таппайсыз. Қазір жастарға аға буыннан гөрі әлеуметтік желі көбірек ақыл айтуда. Шынайы патриотизм мен ұлтжандылықты бойына сіңірмеген жас ұрпақ жағымпаз, екіжүзді, жемқор қоғамның нығаюына атсалысып жатыр. Патриотизм шынайы іс әрекет, әділетті саралау, әділетті әрекеттермен қалыптасады. Патриот болу әр азаматтың ішкі тәрбиесі, айналасының тәлімімен ғана қалыптасады.

Психолог Айна Нұртілеу азаматтық қоғамды жастардың қалыптастыратынына сенеді. «Аға буын өнеге көрсете алмады екен деп жастар да сол екіжүзді

қоғамның жетегінде кетеді деу қате. Бүгінгі жастардың талғамы басқа, түсініктері де мүлдем бөлек. Біз жастармен көп жұмыс істейміз. Маған көбі еуропалық мәдениетті сіңірген. Түрі қазақ, сөзі қазақ болғанмен, олардың психологиясы бөлек. Еркін, тәуелсіз, әділетті. Білімге ұмтылады. Және елінің де жемқорлықтан, таныс білістіктен арылып әділетті қоғам орнатығына сенеді. Маған жастармен жұмыс істеген сондай қызық, көңілді. Өйткені олар шетінен оптимист. Болашағына сенеді, өздерінше әділетті, өздерінше бастамашыл. Оны осы эпидемиялық ахуалда отырған екі жылда анық байқадым. Сондай еріктілер тобымен бірге ковид кезінде әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік тамақ тасыды. Оған дейін де жастардың экологияны жақсартуға байланысты ұйымдастыратын көптеген акцияларына қатыстым. Мен олардың болашағына сенемін. Және олардың қалыптасқан пікірді өзгертіп, жаңа тәуелсіз, таза мемлекет құратынына сенемін» дейді. Қалай десек те, қоғамдық бірлестіктердің жұмысы тек қана қағаз есептік жүйеге қызмет етпеуі керек. Қоғамды ілгерілетуге ниетті кез келген азамат қоғамдық бірлестіктерден осындай тазалықты талап ете алады. Қоғамдық бірлестіктердің атына заты сай болғанда ғана көпшілік оның ісіне еш күдіксіз қарайды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

### ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС МЕДИЦИНА НАРЫҒЫН ҚАЛАЙ БАҚЫЛАЙМЫЗ?



жүгінуде. Ал олар массаж немесе алтын ине арқылы, қол аяғын тартып, созып емдегісі келеді. Ол уақытша әсер болғанымен болашағы жоқ.

**Бақыт ТҮМЕНОВА, «Аман саулық» қоғамдық қорының төрайымы:**  
– Көбіне медициналық білімі болмағандықтан, олар науқастарға зиянын тигізіп жатыр. Асептика, антисептика шараларын дұрыс жүргізбеген соң, науқастар жұқпалы дертке душар болады. Бақылаусыз қан алынғандықтан гиповолемиалық шоққа түсу қаупі туады. Өкінішке қарай, ондай емдеудің кейбірі қайғылы аяқталып та жатыр. Ендеше халық емшілеріне диагноз қойып, елді емдеуіне тыйым салу қажет», деген еді дәрігер министрлікке жазған хатында. Өкінішке қарай, бұл мәселе кейін көтерілмеді. Қазір халықтың иммунитетін көтергіш, дұрыс тамақтануға шақырғыш, салмақ тастатқыш емшілер көбейіп кеткен. Ғаламтордан алған білімін бір топ адамға қолданып, аңқау елдің сенімін өз пайдасына жаратып жүргендер жетерлік. Қазір ел ішінде омыртқа жарығын емдеушілер де көбейіп кеткен. Сүйектердің арасында қысылып қалған жүйке талшықтары мен етті ота арқылы емдеуден қашқандар баламалы ем түрлеріне

**Нұра ТЫНЫСҚЫЗЫ, заңгер:**

– Қазір елімізде медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін, тегін емдік қызметтердің қатарын көбейту мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Алайда, халық дәстүрлі медицинаны жамандап, қызметі ақылы деп алып, өздері емшілердің ақылы қызметіне жүзініп жүре беретін болса елімізде медициналық қызмет дамымайды. Сондай-ақ, елді алдап, азаматтардың басын өлімге байлап жүрген алаяқтарды құрықтау және заңсыз әрекеттеріне тосқауыл қою бағытында Ішкі істер министрлігі пәрменді шаралар жүргізгені жөн.

Елімізде антиваксерлердің де көбеюі осындай «дүмше емшілердің» көбеюінен деп ойлаймын. Шын мәнінде жалған емшілердің ем-домына баға беру де мүмкін емес. Өйткені, ресми түрде халық емшілерінің қызметін бағалау мен бақылау жүргізіліп жатқан жоқ. Оның үстіне, олар қолданатын «сауықтыру» тетіктері ғылыми әдістермен өлшеуге және зерттеуге келе бермейді. Сондықтан өзін емші атап, елді алдап жүргендердің жұмысына қатаң қадағалау керек.



Сауланманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»



ПАЙЫМ

# АШЫҚТЫҚ – СОТ ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫН ЖАҚЫНДАТАДЫ

Егемендік алған отыз жылдан бері сот жүйесінде кезек-кезеңімен ауқымды реформалар іске асырылуда. Соттар заң мен арға сүйеніп, сот актілерін шығаруда. Бүгінде білікті мамандарды жұмылдыру, әділ сот төрелігін орнықтыру, қолданыстағы заңнамаларды оңтайландыру бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін беруде.

Соттардың жұмысы қоғаммен тікелей байланысты. Сондықтан да сот үнемі қоғамның сыны мен назарында жүреді. Азаматтардың сотқа сенімін қалыптастырып, сот билігінің беделін арттыру сол үшін де маңызды. Ал, сот беделін арттыру – азаматтарға көрсетілетін қызметтен басталады. Бұл ретте сот жүйесіне жаңа технологиялар енгізіліп, ашықтық пен жариялылық барынша қамтамасыз етілуде.

Айта кету керек, соттар үнемі жаңашылдыққа бірінші болып бет бұрады. Заңдарды жетілдіріп, сот рәсімдерін заман талабына сай жүргізуді назардан тыс қалдырған емес. Естеріңізде болса, 2004 жылы Мемлекет басшысы алғаш рет «электронды үкімет» мемлекеттік бағдарламасын

енгізу бастамасын көтеріп, ол туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

Қазақстан ТМД елдері арасында электронды құжат алмасу бастамасын бірінші болып енгізсе, құқық қорғау органдары арасында алғашқылардың бірі болып қағазбастылықты қысқарту мақсатында ішкі құжаталмасудың бірінші бағдарламасын енгізді. 2007 жылдан бері ЕАИАС, одан кейін «Төрелік» бағдарламалары қаншама қағаз алмасу және сот ісін жүргізу жұмысын жеңілдетті. 2014 жылдан бастап енгізілген «Сот кабинеті» электронды базасы іс құжаттарын онлайн тіркеу, тексеру, қабылдау, сот актілерінің базасы мен соттар туралы толық ақпаратты қамтиды.

Карантин жағдайына байланысты соңғы екі жылда соттар келушілерге жаңа технологиялар арқылы қашықтан қызмет көрсете бастады. Сот отырысына қатысу үшін азаматтар артынып-тартынып шалғайдан төрелік алаңына келіп жатпайды. IT қызмет сот процесіне әлемнің кез келген түкпірінен қолындағы смартфонның көмегімен-ақ қатыса беруіне мүмкіндік жасады. Бүгінде Батыс Қазақстан облысы



бойынша барлық сот залдары толық дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен, жоғары сапалы интернетпен қамтамасыз етілген. Сот отырыстары WhatsApp және zoom платформалары арқылы өтуде.

Сот жүйесіне «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары-

ның алып келген жаңалығы аз емес. Бүгінде заманауи технология сот төрелігінің техникалық жұмыстарын ғана емес, ақпараттық дамуын да қамтып отыр. Бұған дейін ақпараттар тек соттың ресми сайтында ғана жарияланса, енді әлеуметтік желінің көмегімен сот жаңалықтарын оқитын аудитория ауқымы кеңейді. Әр соттың фейсбук,

инстаграм, телеграм желілерінде өз парақшалары мен каналдары бар. Кез келген азамат іске немесе судьялар мен сот қызметкерлеріне қатысты сұрақтары мен өзге де мәселелері бойынша әлеуметтік желі арқылы байланысқа тікелей шығып, өздеріне қажетті ақпараттарды ала алады. Әр соттың БАҚ-пен байланыс жұмысын үйлестіруші судьялар бар. Төрағалар да, судьялар да тұрақты түрде интернет не БАҚ арқылы сот реформалары мен заңдардағы өзгерістер, кейде белгілі бір істер бойынша ақпарат, сұхбат беріп келеді.

Сот жүйесіндегі барлық реформаның негізі адам игілігіне бағытталған. Сот рәсімдері бәріне түсінікті болуға тиіс. Сот онлайн өтсе де, тікелей қатысу арқылы өтсе де, әр тараптың көкейінде түсініксіз сұрақ қалмау керек. Міне, сонда ғана соттың билігі өз деңгейінде сақталып қалады.

**Азат ИЗБАСАРОВ,**  
**Батыс Қазақстан облыстық сотының**  
**Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы**

БАСТАМА

## ЖОБАҒА АРТЫЛҒАН СЕНІМ ЖОҒАРЫ



**Сұлушаш МАХАМБЕТОВА,**  
**Жанаөзен қалалық сотының судьясы**

Отбасы – мемлекеттің алтын дінгегі. Отанның отбасынан басталатыны секілді, мемлекеттің мықты болуы да жанұялардағы жарасымдылыққа тікелей тәуелді. Сондықтан елімізде әрбір отбасының берік болуына, шаңырақтың шайқалмауына жіті назар аударылады.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары отбасылық құндылықтар әлсіреп, неке бұзу, алимент төлеу, ата-аналық құқығынан айыруға қатысты істер көбейіп кетті. Қазақстанда ресми тіркелген үш некенің біреуі бұзылып жатыр. Үлкен мәселе. Себебі, ажырасудың соңы ерлі-зайыптыларды екіге бөлумен бітпейді. Некенің бұзылуы елімізде толық емес отбасылардың көбеюіне, жалғыз басты аналар санының артуына, алимент төлеу түйткілдерінің шиеленісуіне, көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзшылықтың жиілеуіне, ұрпақтың толық емес отбасында тәрбиеленуіне алып келеді.

Әсіресе, коронавирус пандемиясына байланысты карантин талаптарының енгізілуі отбасындағы келіспеушіліктің, ажырасуға ниеттілердің көбеюіне түрткі болды. Осыған орай отбасы институтын нығайтуға қатысты қолға алынған іс-шаралар қарқынды жұмыс жасауда. Президент жанынан отбасы, ана мен бала құқығын қорғауға қатысты жаңа құрылымдар бой көтеріп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға қадам жасалуда. Отбасын жалғыз асырап отырған аналарға моральдық, материалдық көмек те дер кезінде ұсынылуда. Бірақ, мұның бәрі түйткілдік толық шешімі емес. Өйткені мәселенің салдарымен емес, түпкі себебімен күресіп, кемшіліктің алдын алғанда ғана оң

нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан отбасылық тәрбиеге, туыстық қарым-қатынасқа, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетудің маңыздылығына ден қойған дұрыс.

Мұндай іргелі істен еліміздің Жоғарғы Соты да шет қалған жоқ. Неке бұзудың себептерін, ажырасудан туындайтын әуре-сарсаңның қаншалықты күрделі екенін сот саласы күнделікті тәжірибеден көріп, біліп отырғаны белгілі. Жоғарғы Сот тарапынан Отбасылық сот қанатқақты жобасының қолға алынуы сол тәжірибе барысында кездескен қиындықтарды кешенді түрде реттеуге бағытталған. «Отбасылық сот» жобасы 2018 жылдың қыркүйек айынан бері жүзеге асырылып келеді. Жоба аз ғана уақыттың ішінде қоғамға қажеттілігін дәлелдеді. Сонымен бірге бұл жоба ажырасу санын азайтуға, шаңырақтың шайқалтпауға пәрменді екенін көрсетті. Бұл жоба талай жаңа істерге жол ашқаны айта кеткеніміз жөн. Жобаның жақсы нәтиже беруі тек сот саласында атқарылған жұмыстармен байланысты емес. Өйткені, «Жалғыздың үні шықпас» дегендей мұндай ауқымды іс бір құрылымның күшімен бір жүйеге түспейтіні түсінікті. Бұл жерде «Отбасылық сот» жобасының маңызына қоғамның көзін жеткізіп, көпшілікті ортақ іске ұйымдастыра білген сот саласының қызметін ерекше атап өткен жөн. Жоба шеңберінде психологтар, медиаторлар, әр аймақтың ақсақалдар алқасы, Билер кеңесі, адвокаттар, заңгерлер сот құрылымдарымен тығыз әріптестік байланыс орнатып, отбасы институтын нығайтуға белсене кірісті.

Ажырасуға бел буып, тас-түйін бекінген ерлі-зайыптыларды ақылға шақыруда жоғарыдағы мамандар қарқынды жұмыс істеді. «Отбасылық сот» жобасы аясында онлайн жиындар ұйымдастырылып, онда ажырасудың салдары және отбасы құндылықтарын сақтаудың нәтижесі туралы жан-жақты мағлұмат берілуде. Сонымен бірге, азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері де белсенді қызмет етті. Орталықта некесін заңдастырғалы жатқан жастарға арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізу дәстүрге айналған. Осы сабақтар арқылы отбасының жауаптылығын сезіндіріп, жастарды жұбайлық өмірдің қызығы мен қиындығына дайындау мақсат етілді. Бұл жоба да Отбасылық соттың өз деңгейінде жұмыс істеуіне игі ықпалын тигізгені талассыз.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КИЕ



## «СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Тіл тағдыры – тұтас ұлттың тағдыры. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – десе, Мағжан Жұмабаев: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ», – деген екен. Бір ғасыр бұрын айтылған Алаш арыстарының бұл сөздері дәл бүгінгі заманның да тамыр бүлкілін дөп басып тұрғандай.

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Осыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиіс. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, күнінкі де көре алмайсың.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал бұл істің шешілуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді және тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтымақ ыңғайланатын шаруа. Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясында сөйле-

ген сөзінде: «Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек... Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – өз функцияларыңды бұл қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт» деген еді.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болғандықтан, барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі дамыған елдердің санатына енуі көздеген халықтың басты мақсаты – сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Қазір іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік қарточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Яғни,

сот саласындағы кіріс құжаттарының 80,5 пайызы, шығыс құжаттарының 100 пайызы қазақ тілінде дайындалады. Сот өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан азаматтарының объективті ақпарат алуына конституциялық құқығын жүзеге асырып қоймай, сот билігінің беделін нығайтып, сот жұмысының сапалы жақсартады. Сот істерінің басым бөлігінің ресми тілде жүргізілу себептерінің бірі – сотқа жүгінушілердің мүддесін қорғайтын адвокаттардың, заңдық көмек көрсетуші өкілдердің қазақ тілін жетік білмеуінен. Азаматтық іс жүргізу кодексында сот ісін жүргізу тілі, сотқа талап арыз берілген тілге қарай, сот ұйғарымымен белгіленетіні көрсетілген. Бұл дегеніміз, сотқа талап арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралып, сот актісі де сол тілде қабылданады деген сөз.

Елбасымыз айтқандай «Біздің, бүкіл қазақстандықтардың басын біріктіретін басты фактор – мемлекеттік тіл. Қазақ елінің туған тілін дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», – деуінің өзі-ақ әрбір саналы азаматқа көп жайды аңғартса керек.

**Л.НҮРБЕКҚЫЗЫ,**  
**Қорғалжын аудандық сотының жетекші маманы**  
**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**

## ЖЕҢІС ЕҢБЕКПЕН КЕЛЕДІ



Алматы қаласы бойынша ҚАЖД ЛА-155/6 мекемесіндегі жасөспірім сотталған балаларды спортқа баулу жұмысы да үнемі басты назарда ұсталады.

Жазалы балалардың арасында спортты жанына серік еткендер

Спорттың адам денсаулығына тигізетін ықпалы зор екені белгілі. Әсіресе, жас күнінен шыныққан балалардың денсаулығы мықты болады. Сондықтан да мектептерде денешынықтыру сабағына әрдайым баса көңіл бөлінеді. Осы орайда

де бар. Олар бостандықта жүргенде небір спорт түрлерімен айналысып, ол жолда жетістікке де жеткен. Әр мереке сайын колония тәрбиеленушілерінің арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылады, тіпті, жазалы балалар Алматы қаласындағы оқу орындарының командаларымен де күш сынасып, жүлделі орындар алып жүр. Ал, осындай спорт сүйер балалар үшін дзюдодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем чемпионатының қола жүлдегері, Ұлттық құрама мүшесі Бауыржан Нарбаевпен кездесу естен кетпес естелік болды.

Онлайн кездесу барысында атақты спортшы Бауыржан Нарбаев балаларға дзюдо спортының тарихы жайлы әңгімелеп, бұл спорт түрінің денсаулыққа пайдасын да тілге тиек етті. Дзюдонның отаны болып Жапония елі саналатыны мәлім. Бауыржан Нарбаев Маңғыстаудағы «Жас батыр» спорт мектебінің түлегі. 19 жасында-ақ жастар арасында Азия чемпионы атанған оның спорттағы жеңістері колониядағы балалар үшін үлкен өнеге болды. Алғашында Манарбек Бисекенов,

Сергей Волобуев сияқты жаттықтырушылардан тәлім алған, ал Бауыржанның қазіргі жаттықтырушысы – Айдын Смағұлов.

Атақты дзюдошы балалармен онлайн әңгіме кезінде спортта жеңіске жету үшін күндіз-түні жаттығу қажет екенін, жеңістің оңайлықпен емес, осындай ащы термен келетінін түсіндіріп, жас спортшылардың жігерін жаныды.

«Шынықсаң шымыр боласың» атты кездесуді ZOOM жүйесі арқылы «Қазақстан Жастары қоғамдық қоры» ұйымдастырса, елге белгілі спортшының кездесу өткізуіне «Нұр Отан» партиясының жанындағы Алматы қалалық Жас Отан жастар қанатының үйлестірушілері қолдау көрсетті. Қоғамдық қор өкілдері балалар колониясындағы жасөспірімдер үшін алдағы уақытта да осындай маңызды кездесулер ұйымдастыратындарын айтып қуантты.

Кездесу соңында психолог мамандар Арлан Талипов пен Аяулым Бақытова жазалы жасөспірімдермен онлайн-тренинг өткізді.

**Гүлнар МАҒЗУМОВА**



(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз К.Токаев бастаған қаламгердің санаулы шоғырының кеңестік тар ноктаға бойұсынбай тұңғыш рет төл әдебиетімізде фэнтези, фантастика, детектив жанрларын шығармашылықпен көркемдік әдіс тұрғысынан әдеби дара-боздықпен игерулеріне қатысты тұстарын ғана аз-кем шолып өттік.

Бұл мәселені, әсіресе, детектив жанрына қатысты жан-жақты, ауқымды талдау – болашақта қолға алынуға тиіс арнайы зерттеулер сыбағасы. К.Токаев қазақ әдебиетіндегі екінші дәрі ба-рып қалам тартпайтын әлемдік әдеби жанрдың бір түр ерекшелігі детективті романтизм мен реализмнің тоғысуы арқылы жаңа әдеби-тарихи жағдайда көркемдікпен кестелесіп, жаңа деңгейге көтерді. Сондықтан, әдебиеттегі К.Токаевтың шығармашылығын зерттеу арқылы оның жана сипаттағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы дәуірінде әдеби күрестің бел ортасында болғандығын айқындай аламыз. Қаламгер өзіндік үні мен шығармашылық ерекшелігі арқылы қазақ әдебиеті классиктері плеядасы арасынан өз орнын мәңгіге тапты.

Түркі әлемінің мәдени-рухани өмірінде өзіндік өшпес із қалдырған классик қаламгерге қатысты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушының ағайын інісі Мәткерім Әкімжанов былай толғанады: «Мен өзімнің қаламгерлік ұзақ өмірімде талай-талай адамдар туралы мақалалар, очерктер, кітаптар жазған адаммын. Бірақ сонау бала кезімнен, дәлірек айтқанда 1953 жылдан бері білетін, талай жерде дәмдес болған осы бір абзал аға туралы бірде-бір рет қалам тартпаппын. Өмірдің ағысы солай болды ма, әлде өзімнің ықтиятсыздығымнан ба, ол жағын түсіне алмадым. Соның реті енді келгендей. Өңгіме көрнекті жазушы, ардақты азамат, жауынгер патриот Кемел Токаев туралы болғалы отыр...»

Бұл кезде мен Кемекеңнің «Тасқын» және «Көмескі із» атты шытырман оқиғаларға толы повестерін оқығанмын. Маған, әсіресе оның алыстан орағытпай, шұбырынды шешендікке салынбай, қазақтың қарапайым тілімен баяндайтын ұтқыр ойлары, өткір диалогтары ұнаған. Оқиғаларды ойдан шығаратын жасанды тартыс дегеніңіз Кемекеңде мүлдем кездеспейтін. Жас алшақтығынан болды ма, Кемекеңмен көп сырласқан емеспін. Ол маған қол жетпес шын секілді, аса айбынды көрінетін» деуінде көп сыр мен терең мән жатыр.

Токаевтың қазақ әдебиетіндегі детектив жанрын өз шығармашылығында қалайша игеріп қолданғаны, өз тарапынан әдеби жаңалық енгізгендігі Тәуелсіздік дәуірінде әдебиет тарихшылары, әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан арнайы сөз бола бастады. Мысалы: белгілі әдебиеттанушы Ә.Әліқбар: «Иә, «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын» хикаяттары, «Соңғы сокқы», «Солдат алысқа кетті» және «Ұясынан безген құс» романдарын өмірге әкелген Кемел Токаев халық әдебиетіндегі детектив жанрының көшбасшысы атанды» деп (Ә.Әліқбар «Қазақтың Қонан Дойлы және бүгінгі қазақ детективінің жай-күйі» Қазақ әдебиеті 31.08.2018) орынды пікір білдіреді.

Детектив жанрының элементтері қазақ ауыз әдебиетінде бұрыннан бар. «Түйесі жоғалған жігіт» пен «Аяз би» классикалық ертегілерінде интеллектуалды детективтің белгі нышанын кездестіреміз. Біздің мақсатымыз – фольклортанушылардың біразы тоқталып кеткен аталған ертегілердің мазмұнын толық баяндап беру емес, ондағы детективтік элемент пен оқиғалық өрбудің араға сан ғасыр салып,

ұлт әдебиетіндегі жеке жанр ретінде Кемел Токаев тарапынан жаңа белеске тек 1950 жылдары ғана көтеріле алғандығын тұжырымдау.

Ұлттық әдебиетіміздің тарихында авторлық шешіммен поэзия жанрында дастандар бойына детективтік элементтерді енгізудің әдеби талпынысы – Ә.Найманбайұлының «Қызыл табан – ағаш ат» қиссасында фантастикамен астаып көмескіленіп берілсе, М.Көпейұлының «Өліп тірілген Шаһызада» аңыз дастанында детектив жанры әдебиетімізде өзінің бар екендігін танытты. Бірақ нақты жеке жанр деңгейіне көтеріле алмады. Осы пікіріміздің дұрыстығын «Детектив табиғатын түсіндіруге талпынған ғалымдардың арасында жанрдың генесологиясын ерте дәуірдегі әр халықтың әдеби ескерткіштері мен библиялық аңыздардан табылған протоэлементтермен байланысты деген концепция қалыптасқан» [Әбіқадырқызы Д. Детектив жанрының шығу тегі мен даму тарихы // Қазақ тілі мен әдебиеті. №3. 2005, 102-110 бб. Сонда: 103 б.] – деген Дина Әбіқадырқызының пікіріне біз де қосыламыз. Шетел әдебиеттануында болгар ғалымы Т. Павлов, АҚШ ғалымы К.Кестхейн өзінің «Детективтің табиғаты» атты зерттеу еңбегінде осы топқа жататын туындыларды:

1. Жұмбақ детектив пен құпия (Артур Конан Дойл);
2. Тарихи детектив (Джон д. Карр);
3. Әлеуметтік детектив (Д.Сейерс);



Патшаның ағасының баласы еді, Ойында патшалыққа талас еді. Мойнына анық түспей не ғып алсын,

Өзінің баласына балаушы еді [Б.336] – деп, бірден ашуы, Алдиярханға құман тудырып, куә арқылы шындыққа көз жеткізуге талпынады.

Біздің жұрт іс оңала қуана ма, Бала үшін жиылған жұрт уана ма? Айғақтың ең абзалы у-шу болмай, Тағы да мұнан басқа куә бар ма?! – дегеніне, Расул көгершін мен қылышты куә етіп қылмысты ашады.

Автор таза детектив емес, аралас жанрда жазғандықтан туынды тініне фантастикалық емес, фантастиканы араластырып, өлікті тірілтеді. Пайғамбарымыз одан әрі «Қаныңды, кім өлтіріп судай шашты?» – деп Шаһызадаға сауал қояды. Енді ақынның шын қылмыскерді әшкерелеуін поэзия тілімен қалай бергенін келтірейік:

Шаһызада: Талықсып таңға жақын оянып ем, Үстіме қанжарменен біреу мінді. Қарасам көзімді ашып, ағам екен, Мойныма қанжар тиіп, сағым сын-ды.


Жан бердім дауысым шықпай жа-рақаттан,

Отырмын жаңа көріп ай мен күнді [Б.341], – деп, өзінің өлсе де, түсінде Расулымыз келіп, иман айтқанын баян етеді.

Біздің айтпағымыз Кемел Токаев қазақ әдеби кеңістігінде өзіне лайықты

# АҚИҚАТ ПЕН АРМАНДЫ ҚАБЫСТЫРҒАН ҚАЛАМҒЕР

(Кемел Токаевтың шығармашылығы жөнінде бірер сөз)



4. Полиция туралы хикаят (Эдгар Уоллес);
5. Реалистік детектив (Э.С.Гарднер);
6. Натуралистік детектив (с.Дэшил);
7. Әдеби детектив (Жорж Симеон) [Павлов Т. Избранные труды по эстетике. Пер.с болгарского. Искусство, М., 1978, 262 б.];
8. Интеллектуалды және суперинтеллектуалды детектив;
9. Метафизикалық детектив [Кестхейн Т. Анотомия детектива – Будапешт: Корвина, 1989, 108 б.] – деп мағыналық және құрылымдық негізде өз топтауларын жасайды. Бізде осы жанрға қатысты әрқайсысы араларына 10 жыл салып жазылған Нұрдәулет Ақышев [Ақышев. Н. Дерексіз кеткен детектив. Қазақ әдебиеті. №15, 1991 ж.] пен Әмірхан Балқыбектер [Балқыбек Ә. Детектив жанры неге кенже қалып отыр? Қазақ әдебиеті 5.10.2001 ж.] өз пікірлерін білдірді. Бұл жанр бізде батыстан келген әдеби өнім болғандықтан, екіншісі – отырықшы қаласы жоқ қазақтар барымта мен қыз ұрлаудан басқа қылмыс түрі

болмағандықтан оның болмауы табиғи нәрсе. Сондықтан детективке жанр ретінде әдебиеттанушылар тарапынан мән берілмей келеді деген шындыққа біршама жанаса бермейтін қорытынды жасайды. Бұл осыдан 20-30 жыл бұрын айтылған пікірлер. Жұырда ғана белгілі сыншы Амангелді Кеңшілікұлының Егемен Қазақстан газетінде «Қазақ детективін қашан оқимыз?» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Соңғы жылдары осы жанрға қатысты бірталай әдебиеттанушылар өз пікірлерін білдіре бастады. Бәрінде К.Токаевтың жаңа жанрдың негізін салушы екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Бұрын тек ілкі нышан белгілерінің тек поэзиядағы дастан жанрында қылаң бергендігі сөз етіле бастады.

Осы орайда, романтизм көркемдік әдісін зерттеген әдебиеттанушы Ә.Әліқбар М.Көпейұлының «Өліп тірілген Шаһызада» аңыз дастанында (Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 бет.) Пайғамбарымызды кесік айтушы, айуандықпен жасалған қылмысты ашушы із кесуші

бейнесінде сомдауы: бір жағынан нұр сипатты пайғамбарымызды тек одалық негізде көкке көтере жырлаудан бөлектенетін детективтенген аралық жанрды танытса, екінші жағынан шығарма мәтініне белгілі бір оғаштық енгізуі: расулымыздың көгершін мен қылыштан жауап алуы фантастикалық емес фантастиканы қолдану болып табылады деген ой айтады («Абай дәуірі және Мәшһүр-Жүсіп романтизмі» монография Семей 2013 жыл).

Иә, аталған детективтік шығарманың құрылымы дәстүрлі үш бөліктен тұрады, енді солардың дастан композициясында берілуіне тоқтала кетелік.

Қылмыстың жасалуы: Келіншек елден бұрын көзін ашты, Ана жұрт халқын ойлап, іші күйді. Қараса, Шаһызада қып-қызыл қан, Тәнінен бөлек жатыр бас қылып [Б.323] – Қылмыстың іздестірілуі: Пайғамбар Айыпты бетке басу қандай қиын, Болмайды айтпай қою тағы қиын. Бір түнде бауыздаған өз ағасы, Сұрасаң, анау тұрған кара киім.

мұрагер дайындай білді. Нәтижесінде қазіргі әдеби прощесте Табылды Кенжетәев, Шәкен Күмісбайұлы, Болат Бодаубай, Шойбек Орынбай, Базарбай Исаев, Сабыр Ұзақбаев, Алпамыс Бектұрғанов, Ербол Бейіліхан, Қанат Әбілқайыр, Бақытбек Қадыр, Есбол Нұрахмет сынды жазушылар аталған жанрдың бағын ашып жүр.

Ұлт әдебиетіндегі Кемел Токаев сынды ірі тұлғаларды бір ғана әдеби жанрдың аясына шырмалып қою, олардың шығармашылық ғұмырын, әдеби процесс үстінде шеккен санаткерлік мекенін, көркемдік ізденісін т.т. толыққанды танып білуге кіреуке түсіреді. Сондықтан, жазушының қаламгерлік шеберханасын, шығармашылық тұлғасын артында қалған туындыларымен бірлікте алып зерттеуіміз болсақ, көп нәрсеге қол жеткіземіз.

Шығармашылық тұлға ұғымы – тарихи қалыптасқан түсінік есебінде кешенді түрде еліміз өз дербестігін алысымен философияда, өнертануда, әдебиеттануда т.т. басқа да ғылым салаларында кенінен қарастырыла бастады. Отандық әдебиеттануда осы салада әзірге Мақпал Оразбектің «Ақындық тұлға» еңбегі ғана жарық көрді. Онда Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжанның рухани әлемін бірлікте алып, әрқайсысына тән көркемдік жекелікті ашып көрсетуге тырысқан. Ендігі міндет – жеке жанрлардың көшбасшысы саналатын Кемел Токаев сынды дарабоз қаламгердің шығармашылық тұлғасын ашып көрсету ғылыми күн тәртібінде тұр. Біз осы шағын мақаламызда ғылыми проблеманың тек кейбір тұстарына ғана тоқталып өте алдық.

**Ербол БЕЙІЛХАН,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

## ЖАЛҒАН АНЫҚТАМА БАҒАСЫ – 7500 ТЕҢҒЕ

Ақтөбеде ерлі-зайыптылар жалған ПТР анықтамаларын сатқаны үшін жауапқа тартылады. Олар Ресеймен арадағы мемлекеттік шекарадан өтпек болғандарға қолдан құжат жасаған. Бұл жөнінде Ақтөбе қаласы Алматы ауданының прокуроры Жасұлан Дәулетбаев хабарлады.

Қылмыстық іс жақында сотта қаралмақ. – Ақтөбе қаласының Алматы ауданының прокуратурасы ақшалай сыйақы үшін ПТР зерттеулерінің нәтижелері жөнінде жалған куәліктер жасап, оны сатумен айналысқан ақтөбелік ерлі-зайыптыларға қатысты негізгі процессуалдық шешімдерді келісіп,

сотқа жолдады. Сотқа дейінгі тергеу барысында Ақтөбедегі жекеменшік медициналық мекемелердің бірінің дәрігері ер адам ұсынған жеке тұлғалардың мәліметтері негізінде ешқандай анализ қабылдамай, теріс мәні бар ПТР зерттеулерін қолдан жасағаны анықталды, – деді Жасұлан Дәулетбаев.

Ерлі-зайыптылар бір куәлікті жасағаны үшін 7500 теңге алған. Соңынан олар Ресей Федерациясымен шекарада санитарлық бақылаудан өту үшін жалған ПТР сертификаттарын берген. Прокурор ПТР зерттеулерінің нәтижелері бойынша анықтамаларды қолдан жасаудың 11 фактісі бойынша процессуалдық шешімді келісті.

Айта кетелік, бұған дейін Қаржылық мониторинг агенттігі Қазақстанның 5 өңірінде жалған вакцинация паспорттарын сатқан медицина қызметкерлері мен оны

сатып алған адамдардың ұсталғанын хабарлаған еді. Оның қатарында Ақтөбе қаласы да бар. Медицина қызметкерлері жалған құжатты 5 000-нан 30 мың теңгеге дейін ақшалай сыйақы үшін сатқан. Заң бойынша, жалған вакцинация паспорттарын пайдаланған азаматтарға 160 АЕК (467 мың теңге) мөлшерінде айыппұл салынады немесе 40 тәулікке дейін қамауға алынады. Ал паспортты тікелей қолдан жасаған адамдарға, оның ішінде медицина қызметкерлеріне қатаң жаза қарастырылған. Оларға 2000 АЕК (5,8 миллион теңге) мөлшерінде айыппұл салынады немесе 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

**Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА**  
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ



ИНДЕТ

## ДЕРТ ДЕНДЕП БАРАДЫ

ҚР Үкіметі жанындағы корона-вирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссия өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасын жариялады. Оған сәйкес қазір, тек Түркістан облысы ғана «жасыл» аймақта тұр. Қалған өңірлер, «кызыл» аймақта.

Дерт жұқтырғандар туралы [covid19.2020.kz](http://covid19.2020.kz) сайтының дерегіне көз салсақ, Қазақстанда коронавируспен ауырғандардың жалпы саны 743 мыңнан асты. 23 тамыздағы эпидемиологиялық жағдай бойынша, ПТР арқылы 6 314 адамның корона-вируспен ауырғаны расталған. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, бүгінгі таңда 124 871 адам коронавирус инфекциясына (118 989 КВИ+ және 5 882 КВИ-) емделуде. Олардың ішінде 30 197 пациент стационарда жатыр, 94 674 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдап жүр. КВИ+, КВИ- шалдықандардың арасында 1 944 адамның жағдайы ауыр, 518 пациенттің жағдайы өте ауыр, 312 науқас ӘЖЖ аппаратында жатыр.

Тамыз айында Алматы қаласында тәулігіне 1500-1600 адам індетті жұқтырған. Осыған байланысты мегаполисте 1 қыркүйекке дейін карантин режимі эпидемиологиялық жағдайдың «қоюқызыл» аймағына сәйкес ұзартылды.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті қоғамдық тамақтану орындарының түнгі жұмысына тыйым салды. 20 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін барлығы 2 мыңдай карантин шектеуін бұзу фактісі анықталды. Полиция бөлімшелеріне 3300-ден астам адам жеткізілді.

Дегенмен, халықтың арасында той тойлау тыйылмай тұр. Алматының мониторинг тобы екі күнде карантин талаптарын бұзудың 35 жағдайын анықтады. Мониторинг тобының мәліметінше, екі күн ішінде 35-ке жуық карантин шектеуінің сақталмағаны анықталды. Тексерушілер түнгі сағат 22.00-ден кейін

жұмыс істейтін бірнеше мейрамхана мен караокені тіркеді. Қалада күніне 15 заң бұзушылық анықталады. Мысалы, 19 тамызда, сағат 22.14 шамасында Алмалы ауданының Өмірзақов көшесіндегі «Премьер-холл» банкет залынан 40-қа жуық келуші шығарылды. Мекеме иесін әкімшілік жауапқа тарту үшін аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына материалдар берілді. 21 тамызда бірқатар заңбұзушылық анықталды. Медеу ауданының тексерушілері сағат түнгі 1.34 шамасында Достық даңғылы бойындағы «Баритон» караокесі жұмыс істегенін, онда 40 адамның болғанын анықтады. Тәртіп бұзушылардың тізімінен табылған Бостандық ауданындағы «Форсаж» кафесі де 18 тамызда, шамамен 22.24 сағатта мекеме карантиндік шектеулерге қарамастан, жұмыс істеп, келушілерді қабылдаған.

Үлкен-кіші демей, шетінен баудай түсіріп жатқан қатерлі дерттен сақтанудың бірден-бір жолы вакцина алу екенін мамандар айтудан жалғар емес. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес, елімізде коронавируска қарсы вакцинаны салдыруға қатысты 23 тамыздағы мәлімет бойынша, 124 871 адам коронавирус инфекциясына (118 989 КВИ+ және 5 2021 жылғы 23 тамыздағы мәлімет бойынша Қазақстанда 1 компонентпен 6 369 263 адам, II компонентпен 5 013 064 адам вакцина салдырған.

Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Мұнда 840 844 қала тұрғыны вакцинаның бірінші компонентін, 680 997 адам екінші компонентін салдырған. Екіне алудан екінші орында – Түркістан облысы. Өңірде 715 599 адам коронавирус вакцинасының I-компонентімен, 534 014 адам 2-компонентімен егілген. Үшінші орында – Алматы облысы, мұнда 644 292 адам екінші бірінші бөлігін алса, 510 862 адам екінші бөлігін қабылдаған.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС



С.ЖУМАШКИНА  
Хромтау аудандық сотының судьясы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекет пен азамат арасындағы жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешу бойынша әкімшілік рәсімдерден және арнайы сот ісін жүргізумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

Бұл біздің еліміз үшін мүлдем жаңа кодекс. Кодекс екі бөліктен тұрады: әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу, яғни әкімшілік рәсімдерді реттеу жөніндегі нормалар және әкімшілік сот ісін жүргізуді реттеу жөніндегі нормалардан.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің нысаны мемлекеттік орган қатысатын жария-құқықтық даулар болып табылады. Осы кодекс әкімшілік рәсімдерді, мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ жария-құқықтық қатынастар саласындағы дауларды шешу тәртібін реттейді.

Кодекстің мақсаты мемлекеттік органдармен дауларда азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау, тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтау, сондай-ақ шешімдер қабылдау сапасын арттыру.

Негізгі міндеттердің бірі әділ сот төрелігі және тиімді мемлекеттік басқару. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу құқықтар басымдығы, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, соттың белсенді рөлі секілді бірінші қағидалар негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде талап қоюшы сотқа дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау және тану туралы талап қою арыздарымен жүгіне алады.

## ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМ САҚТАЛАДЫ

Бұған дейін жария-құқықтық дауларды шешу тәртібі Азаматтық процесстік кодексіне белгіленген болатын. Азаматтық іс жүргізуде судья процесстік жүргізу жағынан пассивті, дәлелдемелерді өз бастамасы бойынша жинаудан босатылған және шешімді тараптардың әрқайсысы тең негіздерде зерттеуге қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейтін, ал жария-құқықтық дауларда тараптардың нақты теңсіздігі байқалатын (бір жағынан мемлекеттік аппарат және екінші жағынан азамат).

Осыған байланысты жаңа кодексте соттың рөлі күшейтілді, атап айтқанда, дәлелдемелерді жинау процесінде сот тараптардың өтініштеріне қарамастан істің мән-жайларын анықтайды, талап қоюшыдан емес, мемлекеттік органдардан барлық қажетті құжаттарды талап ете алады. Бұл ретте дәлелдеу ауыртпалығы құқықтық шешім қабылдаған органға жүктеледі.

Кодексте «әкімшілік орган» ұғымы бекітілген, оған мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қатар әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік іс-әрекет (әрекетсіздік) жасау бойынша өкілеттіктер берілген мемлекеттік заңды тұлғалар, өзге де ұйымдар жатқызылады. Яғни, әкімшілік орган немесе лауазымды адам сотта жауапкер бола алады.

Кодекс, сондай-ақ жекелеген санаттарды қоспағанда, жоғары тұрған әкімшілік органға келіспеген жағдайда әкімшілік актіге сотқа дейін міндетті түрде шағымдануды көздейді. Бұл ретте әкімшілік актісіне немесе әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған әкімшілік органның немесе лауазымды адамның, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаса, шағымды жоғары тұрған органға жібермеуге мүмкіндігі бар. Осылайша, сотқа дейінгі шағымдану әдісі әкімшілік органға ықтимал қателіктерді тексеруге және түзетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты мемлекеттік орган жұмысының тиімділігі, құзыреттілігі артып,

сотқа түсетін жүктемені қысқартуға мүмкіндік береді.

Кодекспен енгізілген жаңашылдықтың бірі талап қоюшының бір сот ісін жүргізудегі әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) байланысты жауапкер келтірген шығындарды өтеуді талап ету мүмкіндігі.

Осыған қоса, сот актілерінің орындалуына сот бақылау институты (процессуалдық мәжбүрлеу) енгізіледі. Яғни, мемлекеттік әкімшіліктің (мемлекеттік органның) қызметі әкімшілік соттардың бақылауында болады. Бұл талаптардың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында соттардың мемлекеттік органдарға бірнеше рет ақшалай өндіріп алуды қолдана алатындығын білдіреді.

Сотпен процессуалдық құқықтарды теріс пайдаланғаны, істі қарауды кешкірткені, сотты құрметтемегені үшін де ақша сомаларын өндіріп алу көзделген. Қайта жаза қолдану тәртібі енгізілген. Партиципативтік рәсім тәртібімен татуласуды жүргізу мүмкіндігі белгіленді.

Әкімшілік сот ісін жүргізу, жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жүргізуді қоса алғанда, қисынды мерзімде жүзеге асырылады. Ақылға қонымды мерзімді айқындау кезінде әкімшілік істің құқықтық және іс жүзіндегі күрделілігі, әкімшілік процеске қатысушылардың мінез-құлқы, әкімшілік істі жедел қарау мақсатында жүзеге асырылатын сот іс-әрекеттерінің процесстік жеткіліктілігі мен тиімділігі ескеріледі.

Жаңа кодекс мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесінде және мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде, жоғары тұрған органда және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнесің құқықтарын қорғау кепілдіктерін бекітуге, мемлекет деңгейінде басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде азаматтық белсенділікті арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және сот жүйесіне жүктемені азайтуға әкеледі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

## СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУДІҢ САЛДАРЫ АУЫР

Сотқа құрмет көрсетпеу дегенді және ол үшін жауапкершілік бар екендігін естіп жатамыз. Алайда, оған не жатамын, қандай жауапкершілік қарастырылғанын біле бермейміз. Қандай да бір сот отырысына шақырылған және қатысатын азаматтар сот залындағы тәртіпті сақтауға міндетті.

Сотты немесе судьяға құрметтемеушілік көрсету, сондай-ақ сот актілерінің талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 327-бабына сәйкес сот отырысында тәртіп бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сол сияқты сотты құрметтемеуді анық куәландыратын өзге де іс-әрекеттер жасаған кезде төрағалық етуші сот отырысы залынан адамды шығарып жіберуге немесе сотты құрметтемеу фактісінің анықталғаны туралы жариялауға және кінәлі адамға әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдануға құқылы. Егер сот отырысы залынан сотталушы шығарып жіберілсе, онда үкім оның көзінше жариялануға немесе ол жарияланғаннан кейін дереу қолхат алып хабарлануға тиіс. Сот отырысы залынан процеске қатысушыны шығарып жіберу және әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулы шығарады. Сот отырысы залында қатысып отырған, бірақ процеске қатысушы болып табылмайтын адамдар тәртіп бұзған жағдайда олар төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысы залынан шығарылады. Бұған қоса сот оларға әкімшілік жаза қолдану мүмкін. Егер тәртіп бұзушының сот отырысындағы іс-әрекетінде басқа әкімшілік

құқық бұзушылықтың не қылмыстық белгілері болса, сот тиісті тәртіппен қылмыстық немесе әкімшілік іс қозғау үшін материалдар жібереді.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 653-бабының 1-бөлігіне сәйкес процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ, сотты және судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер – ескерту жасауға алып келеді немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамққа алуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамққа алуға әкеп соғады. Шығарып жіберу, айыптаушы мен қорғаушыдан басқа, процесстің кез келген қатысушысына немесе өзге адамға қатысты жүргізілуі мүмкін.



Әкімшілік жаза сотталушыға қолданылмайды.

Сот отырысында прокурор не сотталушыны (сотталған, ақталған адамды) қорғаушы ретінде қатысатын адвокат сотқа құрметтемеушілік туралы анық куәландыратын әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған кезде сот (судья) жоғары тұрған прокурордың не адвокаттар алқасының тиісті шаралар қабылдауы туралы жеке қаулы шығарады. Соттың (судьяның) Қылмыстық іс жүргізу туралы кодекстің 346-бабының негізінде сот отырысында тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдану не Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 653-бабы бойынша әкімшілік жаза қолдану жөніндегі іс-әрекеттері сот отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Апелляциялық және кассациялық

сатылардағы соттың көрсетілген іс-әрекеттері осындай хаттама заңға сәйкес жүргізілген жағдайларда ғана сот отырысының хаттамасында тіркеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 830-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот отырысында шығарылған ӘҚБтК-нің 653-бабы бойынша әкімшілік қамққа алу түрінде жаза қолдану туралы бірінші сатыдағы соттың (судьяның) қаулысына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне белгіленген қағидалар бойынша апелляциялық тәртіппен шағым жасалады. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың, Жоғарғы Соттың сот алқаларының ҚІЖК-нің 346-бабының негізінде ақшалай жаза қолдану туралы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабы бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылары шыға-

рылған сәттен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды. Бірінші сатыдағы соттың (судьяның) ҚІЖК-нің 346-бабының негізінде ақшалай өндіріп алу туралы қаулысы заңды күшіне енген кезден бастап орындалуға жатады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабы бойынша әкімшілік қамққа алу түрінде жаза қолдану туралы соттың (судьяның) қаулысы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 884-бабының 3-бөлігіне сәйкес шығарылған кезден бастап орындалуға жатады. Қаулының көшірмелері орындау үшін ішкі істер органдарына және прокурорға дереу жіберіледі.

Сотты құрметтемегені және сот отырысынан тыс жасалған басқа да құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаны сот Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің нормаларына сәйкес жалпы тәртіппен қолданады. Судьяны және (немесе) алқабиді оның қызметтік жұмысына байланысты қорлаудан көрінген сотты құрметтемеу ҚК-нің 410-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Яғни, сот талқылауына қатысушыларды қорлаудан көрінген, сотты құрметтемеу әрекеті үшін ішкі істер органдарына – 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамққа алуға жазаланады. Судьяны және (немесе) алқабиді қорлаудан көрінген дәл сол іс-әрекет үшін – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамққа алу көзделген.

А.ИСКАКОВА,  
Жаңақала аудандық сотының  
кеңсе меңгерушісі  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



МЕЖЕ

# АЛДА – ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Еліміз тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасының ұлттық халық санағы үшінші рет өтеді. Халық санағы елдің ұлттық статистикалық жүйесінің құрамдас және ажырамас бөлігі, халық және оның тұрғын үй жағдайлары туралы деректердің негізгі көзі болып табылады.

Ағымдағы жылдың маусым айында Түркістан облысы бойынша ұлттық халық санағының бірінші кезеңі өткізілді, онда жаппай аралау қорытындысы бойынша тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың мекенжайлары, тұратын халықтың саны нақтыланды. Бұл жұмысқа халық санағы бойынша 126 уәкіл, 50 нұсқаушы-бақылаушы және 345 сұхбатшы тартылды.

Халық санағының 1-кезеңінің деректері негізінде аумақтарды аудандастыру, яғни елді мекендерді картографиялық материалда бейнелей отырып, нұсқаушы және есептік учаскелерге бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыс санақ учаскелеріне дұрыс бөлуге және біздің облыстың барлық елді мекендерін санақпен толық қамтуға көмектеседі. Аудандастыру қорытындылары бойынша санақ учаскелері орналасатын орындары айқындалатын болады, олар үй-жайлармен, қажетті жабдықтармен, байланыс арналарымен және т.б. қамтамасыз етілетін болады.

Айта кету керек, біздің елімізде алғаш рет халық санағына онлайн-режимде де, дәстүрлі әдіспен де, яғни сұхбатшының халықты сұрау әдісімен де қатысуға болады. 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін халық санағынан өз бетінше өту үшін [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) және [e-gov.kz](http://e-gov.kz) арнайы сайт-

тар өз жұмысын бастайды, ал 1-30 қазан аралығында – сұхбатшылар қатысатын дәстүрлі тәсілмен жүргізіледі. Халық санағын өткізу кезінде бүкіл ел аумағында мобильді (1446) және қалалық (8 8000 800 878) нөмірлер бойынша бірінші call-орталық жұмыс істейтін болады. Call-орталыққа қоңырау шалу тегін.

Ағымдағы жылғы 1-30 қазан аралығында планшеттерді пайдалана отырып, сұхбатшылар халықты жаппай аралап, санақ жүргізеді. Азаматтарға сауалнама жүргізетін сұхбатшының өзімен бірге аты-жөні, санақ персоналының атрибуттары көрсетілген арнайы куәлігі, портфель, планшет, халық санағының символикасы бар шарф және т.б. болады, сұхбатшының жеке басына қатысты ақпаратты статистика органдарынан 8 (7252) 39 11 92 немесе 8 (7252) 39 01 66 телефон нөмірі бойынша, немесе (1446) бірінші call-орталығына қоңырау шалу арқылы нақтылауға болады.

Санақ парақтарының сұрақтары еліміздің әрбір азаматы туралы кең ауқымды ақпаратты қамтиды. Бұл демографиялық белгілер, экономикалық сипаттамалар, этникалық белгілер, білім деңгейі, тұрғын үймен қамтамасыз етілуі және т.б. осы жауаптардың барлығы жалпылама статистикалық бағалау үшін ғана пайдаланылатын болады. Жиынтық түрде бұл деректер елдің экономикасы мен бюджеттік бағдарламаларын дамытуға, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік және өзге де мәселелерін жақсарту жөніндегі нақты мақсаттарға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеуге көмектеседі. Барлық деректер шифрланған файлдар



**Бағлан ҚАРҒҰЛОВ,**  
ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы

арқылы жіберіледі, онда мемлекеттік статистика органдары сізден алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта азаматтарды санақ бойынша жұмыс жүргізуде, онда жеке еңбек шарттары (ағымдағы жылдың 24 қыркүйегінен 7 қарашасына дейінгі кезеңге нұсқаушы-бақылаушылармен) және ақылы қызмет көрсету шарттары (1 қазаннан 30 қазанға дейінгі кезеңге сұхбатшылармен) жасалады. Санақ персоналына жұмысқа 18 жастан асқан, персоналды компьютерді еркін меңгерген және бағдарламалармен жұмыс істеу бойынша базалық білімі бар, сондай-ақ соттылығы жоқ Қазақстан азаматтары қабылданады. Сонымен қатар, елдегі күрделі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты жұмысқа қабылдау шарттарының бірі COVID-19 коронавирусына қарсы вакцина алуы міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық халық санағы «Қазақстанда әркім маңызды!» ұранымен өтеді.

## БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жылы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Әрі биылғы додаға Түркістан облыстық соты қолдау көрсетіп отыр. Согоан орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың он бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі:

Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жүлде алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандарды да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға таптырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жүлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен [zangazet@mail.ru](mailto:zangazet@mail.ru) поштасына жолдаңыздар.



# ЖАРНАМА

**3. АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**  
«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ 2021 жылғы 9 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласының уақытмен сағат 11.00-де мемлекеттік мүлік тізімі веб-порталының аукцион залында (Интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналасқан интернет-ресурс: [www.gosreest.kz](http://www.gosreest.kz)) Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 44 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының 100% акциясын кейіннен сатып алу құқығымен 3 (үш) жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендер өткізеді.

Бастапқы бағасы: 7 320 004 000,0 (жеті миллиард үш жүз жиырма миллион төрт мың теңге нөл тиын) теңге;

Кепілдік жарнасы: 1 098 000 600,0 (бір миллиард тоқсан сегіз миллион алты жүз теңге нөл тиын) теңге;

Жалғыз қатысушыға сатуға жол берілмейді.

Тендер өткізу шарттары:

1. Сенімгерлік басқару мерзімі - 3 (үш) жыл;
2. Сенімгерлік басқару объектісі қызметінің бейінін кемінде 3 жыл сақтау;
3. Сенімгерлік басқару мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне сәйкес индекстеді ескере отырып, объектінің нарықтық құнын төлеу үшін 3 жылға дейінгі мерзімге бөліп-бөліп төлеуге жол беріледі;
4. Сенімгерлік басқару кезеңінде сенімгерлік басқарушы басқарма төрағасына тәуелді болады, сондай-ақ қызметінен босатуға құрылтайшымен келісуге тиіс;
5. Сенімгерлік басқару кезеңінде Директорлар кеңесінің құрамына құрылтайшының кемінде екі өкілінің міндетті түрде қатысуы;
6. Сенімгерлік басқару кезеңінде сенімгерлік басқару объектісіне, оның ішінде жылжымайтын және жылжымайтын мүлікке қатысты қайта сатуға, кепілге беруге, басқаруға және басқа да іс-әрекеттерге тыйым салынады;
7. Құрылтайшыға мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару қызметі туралы есепті жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін жазбаша нысанды есеп беруге;
8. Жұмыс істеп тұрған персоналдың сандық құрамын кемінде 80% сақтау;
9. Қоғам объектілерінің қауіпсіздігі, аялсыз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
10. Қоғамның мүлкін тиісті түрде ұстау және қажеттілігіне қарай сенімгерлік басқарудан және өз қаражатынан алынған кірістер есебінен ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу;
11. Объектінің сенімгерлік басқаруға беру кезінде туындайтын салық міндеттемелерін және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді уақытылы орындау;
12. Құрылтайшыға растайтын құжаттарды ұсына отырып, сенімгерлік басқару шарты тіркелгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде сенімгерлік басқару мерзімі кезеңінде мүлікті сактандыру;
13. Кредиторлық және дебиторлық берешектің негізгі пайда болуына жол бермеу;
14. Қоғам объектілерінің техникалық жай-күйін жақсарту үшін тиісті инвестицияларды жыл сайын салу (оның ішінде жолаушылар ағынын ұлғайту мақсатында аэровокзал алаңының кемінде 2000 шаршы метрге кеңейту, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту және жүкті өңдеу үшін арнайы техника сатып алу);
15. Сенімгерлік басқару кезеңінде сенімгерлік басқарушы акционерлік қоғамның таза табысының бір бөлігін заңның 186-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган пайыздық арақатынаста белгілеген мөлшерде дивидендтер (кіріс) төлеуге жіберуді қамтамасыз етеді;
16. Сенімгерлік басқарушының мүлкі сенімгерлік басқару кезінде жүргізілген қажетті шығыстарын өтеу сенім білдірілген мүлікті пайдаланудан түскен кірістер есебінен жүзеге асырылады.

Тендерге қатысу үшін қатысушы веб-порталында тізімінде алын ала тіркелуі қажет:

- 1) жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (будан әрі – ЖСН), тегін, атын және әкесінің атын (болған жағдайда);
- 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (будан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын және әкесінің атын (болған жағдайда);
- 3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;
- 4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайын, телефонның, e-mail) көрсете отырып, тізілмнің веб-порталында алын ала тіркелуі қажет.

Кепілді жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірінші оператордың шотына төленеді: Кепілді жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, ЖСҚ КЗ94601711100000330, БСК HSBKZKX КБе 16, КНП 171; төлемнің белгіленуі – тендерге қатысу үшін кепілді жарна (банк қызметтері үшін төлемдер кепілді жарнаның мөлшеріне кірмейді).

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы 8/7132/54-35-92 немесе Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 ұй 412 кенесіне жолығып білуге болады.

9. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – Серіктестік) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 45-бабына сәйкес, өзінің қатысушыларына Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетін туралы хабарлайды.

Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі:

1. «ForteBank» АҚ-ның «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның алдындағы қарызы/несие желісі бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін - Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов-Спартк көшелерінің қиылысы мекенжайындағы кадастр нөмірі 03:057:012:527 жер телімін және онда орналасқан ғимараттар мен орындарды кепілге қоюды ұсыну;
2. «ForteBank» АҚ-ның «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның алдындағы қарызы/несие желісі бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін - Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов-Спартк көшелерінің қиылысы мекенжайындағы кадастр нөмірі 03:057:010:720 жер телімін және онда орналасқан ғимараттар мен орындарды кепілге қоюды ұсыну;
3. «ForteBank» АҚ-ның «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның алдындағы қарызы/несие желісі бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін - Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302А мекенжайындағы кадастр нөмірі 03:057:012:529 жер телімін және онда орналасқан ғимараттар мен орындарды кепілге қоюды ұсыну;
4. «ForteBank» АҚ-ның «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның алдындағы қарызы/несие желісі бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін - Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Набережная көшесі, 17 мекенжайындағы кадастр нөмірі 03:046:048:1542 жер телімін және онда орналасқан ғимараттар мен орындарды кепілге қоюды ұсыну;
5. «ForteBank» АҚ-ның «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ-ның алдындағы қарызы/несие желісі бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін ыңтымақты жауапкершілікті қабылдай отырып кепілдік беру;
6. «ForteBank» АҚ-ның «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің қарызы алу келісімшарты бойынша барлық қарыз сомасын кез келген валюттада акцентсіз тәртіппен алуға (есептен шығару) келісімін беруі;
7. Кепілдік шартына және мүлікті кепілге қою шарттарына қол қою өкілеттілігін беру туралы.

Өтетін орны мен уақыты: 27 қыркүйек 2021 жыл, 11 сағат 00 минут, мекенжайы: ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302.

Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47-бабында белгіленген тәртіп бойынша өтеді.

Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелердің материалдарымен мына мекенжайда танысуға болады: Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Тел.: 8(727)3936990.

**ӘРТҮРЛІ**

2. Ақтөбе облысының МАЭС анықтамасы бойынша 18 тамыз күні 2021 жылы «БШПУ-Қазақстан» ЖШС-не (БСН 130740019874) байланысты оңалту процедурасын қолдануға азаматтық іс қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша байланыс нөмірі 8 7761 91 08 08

**ҚҰЛАҚҚАҒЫС!**  
**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ**  
**«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru) электронды поштасына жолдаңыз.**  
**ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874**

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-29-27,  
292-40-89,  
факс:  
8 (747) 428-26-10

E-mail:  
[zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)  
[zanreklama.kz](mailto:zanreklama.kz)

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIGOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: [kaldybaeva@mail.ru](mailto:kaldybaeva@mail.ru). Барлық хабарландыру-ды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 [www.gazetyisaiy.kz](http://www.gazetyisaiy.kz), e-mail: [vsegazety@mail.ru](mailto:vsegazety@mail.ru) Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрсұңғылы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшісов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SARA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: [zan-at@mail.ru](mailto:zan-at@mail.ru).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банкінің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: [nazar.reklama@gmail.com](mailto:nazar.reklama@gmail.com)

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштартышы. [argdawl\\_94@mail.ru](mailto:argdawl_94@mail.ru), Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7262) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262) 502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## ЖОҒАЛТУ

10. ЖСН 740928402517, ЖК «Бактыбаева Э.К.» ұйымының жоғалған мөрі 20 тамыз 2021 жылдан жарамсыз деп саналсын (талон № KZ421TQ01157567, 12.08.2020 жыл).



**БАЙҚАУҒА!**

**СҮРІНШЕК**

Кентау қалалық сотында төрелік етіп келе жатқан тәжірибелі судья Айжамал Кененбаева бұл өңірдің бәрі біледі. Аймақ тұрғындары үшін қазы қатал адам. Өкінішке орай, сыртқа сұсты көрінетін қазының әр істі жүрегінен өткізетінін, кейде көңіліне алған күрделі істерден кәдімгідей жасып, сағы сынып қалатынын көпшілігі ескере бермейді. Ал отбасындағы бес балапанын мәпелеп өсіріп отырған Айжамал Айнақұлқызы қызметте заң шегінен шықпайтын судья болса, үйде отбасының алтын қазығы, балаларының сенімді тірегі. Сондықтан оған адами сезім, жанашырлық қасиет жат емес. Ар мен заңды басшылыққа алып үкім ететін судья көбінесе айыптының көзіне тура қарап, сұрақ қоюды әдетіне айналдырған. Себебі, адамның жанары шындықты жасыра алмайды. Бүгінге дейін қырағы көздің қателескен кезі жоқ. Бүгін де жылдар бойы жанылмаған жанары арқылы айыпты орындығында отырғандарды бір шолып өткен.

Темірмен қоршалған торға екі жас жігіт жайғасыпты. Ардақ Құлтасов (аты-жөні өзгертілді) 26 жаста, Ақтөре Сейітқазы 33 жаста. Екеуі де ақыл тоқтатқан, оң-солдарын әлдеқашан ажыратып үлгерген. Бірақ екеуі де әлі күнге дейін бас құрап, отбасылық өмір бастауға асықпапты. Ата-анасы мен жақындарына әбден сеніп алған жігіттер тұрақты жұмыс та істемейді екен. Ең жаманы – екеуі де бұған дейін екі реттен құзырлы орындар назарына ілігіп, сот арқылы жазасын алған. Заңның ізгі амалдарын пайдаланып, жазасын жеңілдетіп те үлгерген. Алайда, қателіктен ешқандай сабақ алмай отыр.

Қанша айтқанмен, шалыс басқан адамды қоғамның қабылдауы қиын. Қылмыс жасағандарды қолдап қатарға қосқаннан гөрі, жанына жақындатқысы келмей, жақындай қалса кесірі тиіп кетердей қорқағындар жетерлік. Өкінішке орай, жазасын өтеп шыққаннан кейін де мұндай жандардың сонынан күдік пен сыпсың сөз қалмайды. Оның шын, өтірігіне мән беріп жатқан ешкім жоқ. Содан шығар, қылмыс бола қалса алдымен күдікке бұрын сотты болғандар ілінеді. Мына екі жігіт те сондай теріс көзқарастың құрбаны болмасын... Бірақ бірнеше томға жүк болған іс құжаттарында бір шикілік байқалмады. Қағаздан гөрі, адамға сенудің дұрыс екенін білетін судья іс қарауды бастап кеткен.

Балғасын үстелге ұрып, елдің назарын

аударған судья ретімен айыптаушы мен қорғаушыны, жәбірленушілерді, куәгерлерді сөзге тартты. Өзірге екі күдіктіні қылмыстан ақтайтын бір де бір дерек жоқ.

Алғашқы жәбірленуші Ғабит Қасымұлының айтуынша Ардақ Құлтасовпен жездесінің үйінде жолығып қалған. Бұл жігітті бұрын жақсы білмегендіктен, ұялы телефонының жоғары бағаға сатып беремін дегеніне толық сенген. Тек телефонын алған соң ұшты-күйлі жоғалғанда ғана Ардақ туралы айналдырағандардың сөзін естіп, оңбай тұтылғанын түсінген еді.

Сот залына шақырылған екінші жәбірленуші де ұялы телефонынан айырылыпты. Асқар Әбдірамановтың айтуынша, бұл қыжалант болып тұрмын деп телефонын сұраған азаматтан титтей де құманданбаған.

– Көшенің арғы бетіне тоқтаған кара көліктен түсе салып маған беттеді. Келді де, ұялы телефонымның қандай маркалы екенін сұрады. Содан кейін магазинге кіріп осындай телефонға қап алуым керек еді, он минутқа бере тұрасың ба деді. Ойымда ештеңе жоқ, телефонымды ұстаттым да жібердім. Бір кезде қарасам, шетке қойған көлік те көрінбейді. Алақтап магазиннің ішіне кірсем, бағанағы жігіттің қарасы да жоқ. Сол кезде барып алданғанымды білдім, – дейді Асқар Әбдіраманов. Ол өзінің телефонын алдап алып кеткен Ардақ Құлтасовты жазбай таныды. Бірақ телефон үшін түрмеге отырмаса екен деп жанашырлық танытқан жігіт Құлтасов шығынның орнын толтырса, кешірім беретінін алға тартты.

Алғашқы олжаларын саудалап, жазасыз қалғанына қуанған Құлтасов енді «ұсақ-түйекке» қолын былғамай, ірі істермен айналысуға бел бұған сияқты. Оның үшінші жорығы соны дәлелдейді.

Сол күні гараждар маңынан өтіп бара жатқан Құлтасовтың қырағы көзі ашық гараждағы бірнеше дөңгелек, қосалқы заттарға түскен. Мыналарды сатса, біраз табыс табатыны анық. Осыны ойлаған жігіт кештетіп өзі белгілеп кеткен гаражға келеді. Айналасында ешкімнің жоғын көрген ол еппен есікті ашады. Ар жақта бұл күткендей қосалқы өлшектер ғана емес, 1994 жылы шығарылған «MERCEDES-BENZ E-220» маркалы мемлекеттік белгісі 191 OWB 13 санды көлік те мұны

күтіп тұрған еді. Саудалауға жарайды-ау деген дүниелерді көлікке тиенген Құлтасовтың бұл күнгі олжасы мол еді.

«Дәніккеннен құныққан жаман» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, құныққан Құлтасовты ұрланған көлік те тоқтата алмаған. Жеңіл табысқа әбден үйренген ол сәтті түскенде қарпып қалуды мақсат еткен.

Жүйрік көлікті тақымдаған жігіт бұл кезде өзінің бір күні қолға түсетінін, жасаған қылмысы үшін жауап беретінін қаперінен шығарған. Шымкентке жүйріккіп бара жатқан Құлтасов жол шетінде тұрған Ақтөре Сейітқазыны бірден таныған. Бұл да өзі секілді жеңіл табысты жақсы көретін жанның бірі. Осыған дейін бірнеше рет түрмеге отырып шыққан бұл жігіттің өзінен бірер жас үлкендігі бар. Сондықтан гараждағы заттарды сатып тапқан табысымен ескі танысын бір сыйлап жібергісі келген. Зымырап бара жатқан көлік кілт тоқтап кері жүргенде Ақтөре де еледісіп қалды. Ал терезеден Ардақ басын қылтитып шығарғанда бұл да жазбай таныған. Артынша үлкен қалаға бет түзеген екеуі қауқылдасып біраз сыр тарқасты. Ардақтың қалтасындағы аз-маз тиын бір күнде таусылды. Сауық-сайранды жақсы көретін екеуі енді табыс табудың басқа амалын ойлай бастаған. Осы кезде Құлтасовтың есіне жол бойындағы саяжайлар түсті. Мұндай кезде саяжайда адам көп бола бермейді. Кеш батқанда қараусыз малды, иесіз үйді үнпеп кету онша қиындық тудырмайды. Нар таусекел дескен жігіттер сол күні саяжайды бетке алды.



Осы іс бойынша заңды үкімді шығарған Айжамал Кененбаева Түркістан облысы Кентау қалалық сотының судьясы. Айжамал Айнақұлқызы еңбек жолын Қ.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің оқытушысы қызметінен бастаған. 2007 жылдың сәуір айынан бастап Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының жетекші маманы, Оңтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы қызметтерін атқарған. Ел Президентінің 2015 жылғы 17 тамыздағы Жарлығымен Кентау қалалық сотының судьясы қызметіне тағайындалған.

– Ақтөре Сейітқазы, саяжайға барып мал ұрлағандарыңызды тергеу барысында мойындапсыз. Ал бүгінгі сот отырысында малды Құлтасов алып шықты, менің қатысым жоқ деп отырсыз. Сіздің қай сөзіңізге сенгеніміз дұрыс?

– Ардақ Құлтасов өзінің малын қалаға барып сатамын деді. Маған тананы көлікке басысып жіберсең деп өтініш айтты.

– Солай-ақ болсын, ал Құлтасовтың өз малына түн ішінде барғаны, қақпаны бұзып ашқаны күдік туғызбады ма?

– Мен оны байқамадым.

– Өз үйі болса, досыңыз сізді неге сыртқа қалдырып кетті?

– Маған көлікке біреу тиіспесін деп тапсырды.

– Өке-шешеніз түн ішінде бір сөмке ет әкеш бергеніңізді айтты. Сіздің малды көлікке басып беріп кетіп қалдым дегеніңіз де өтірік болып тұр ғой...

Шындықтан жалтармақ болған Ақтөре Сейітқазы судьяның төпелеп қойған сұрағынан кейін тосылғанын білді. Ақыры кінәсін мойындады.

Бір айға созылған сот отырысына нүкте қоятын кез де келді. Жәбірле-

нушілердің жауабын тағы бір сүзіп өткен судья халықтың кешірімшіл, қанағатшыл қасиетіне тағы бір көз жеткізгендей болды. Міне, телефонын алдырған екі азамат та өз мүліктері қайтпағандықтан, айыптыларға қатан жаза тағайындамауды өтініпті. Көлігін алдырған азамат та жоғалған заттарын орнына қойса, кешірім беруге дайын. Қорасындағы малынан айырылған азаматтың да айтары сол. Барлығы қылмыскерге қатан жаза тағайындалмауын қалайды. Бірақ, заң талабы қатал. Оның үстіне, бірнеше рет қылмыс жасап, жазасын өтесе де қателіктен сабақ алмағандарды басынан сипау бұдан да үлкен қылмысқа бастауы мүмкін. Осыған орай заң талаптарын басшылыққа алған судья Айжамал Кененбаева Ардақ Құлтасов пен Ақтөре Сейітқазыға 8 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Қос қылмыскер айыбын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде өтеу белгіленді. Бір сүрінген адам аяғын аңдап басатын еді. Ал бұлардыкі сүрінетінін біле тұрып бұліну, органы бұлдіру ғой...

Гүлнәз БАҒЛАНҚЫЗЫ



**«Соқыр» сауда**

Қылмыс жасаған адамдар әртүрлі. Біреулер қиянат істегенін түсініп, сот залындағы адамдарға тіке қараудан қысылып бүгезектеп тұрады. Олардың үнінен қателескенін ұққаны, жақындарының алдындағы жауаптылықты сезінгені бірден аңғарылады. Мұндай жандардан артық сөз алу қиын.

Ал кейбіреулер өмірге келгенін, осы сот залында отырғанын міндетсінетін сияқты. Тыз етпе мінезін сөзінен, шалт еткен қимылынан байқап қоясың. Сұраққа сұрақпен жауап беретін жандар қатені өзінен емес, өзгенен іздеуге әуес. Бүгінгі ісі қаралып отырған азаматқа да сондай кесірілік тән екен. Айналасына өктем қараған оның қимыл-қозғалысынан кінәсін мойындағаннан гөрі, «ал не істей аласыңдар?» деген менмендік басым түсіп тұрғандай. Тәжірибелі қазы Мұхтар Өтепбайұлы айыптылардың психологиясын әбден меңгерген.

Сот залы мінезінді көрсететін, өзіңді даралайтын орын емес. Бұл төрелік салтанат құратын алаң. Судьялар үшін тараптардың бәрі тең. Баршасына заң ортақ. Сондықтан бұл жерде түріне, байлығына, барлығына қарап үкімге

**ӨМІРДЕРЕК**



Қазір Жетісай аудандық сотында жемісті еңбек етуде.

Шытырман шығармаға өзек болған іс Жетісай аудандық сотында қаралған еді. Бұл іске төрелік еткен Мұхтар Жолдасбеков тәжірибесі мол, білікті судьялардың бірі. Алғашқы еңбек жолын Мақтаарал ауданының №3 сотында бас маман, сот отырысының хатшысы қызметінен бастаған Мұхтар Жолдасбеков 2014 жылдан Президент Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал аудандық сотының судьясы қызметіне тағайындалған болатын.

әсер етемін деу қателік. Жетісай аудандық сотының судьясы Мұхтар Жолдасбеков айыпты орындығында отырған жігітке барлай көз тастады.

Отыздан асқан Асылбек Жақсылықов бұған дейін де жаза басып, жауаптылыққа тартылған екен. Алғаш рет қылмыс жасағаны ескеріліп алғашқы қылмыстық істе судья үш жыл алты ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын белгілесе керек. Заң талабы солай. Абайсызда ала жігіт аттағандардың, сауатының кемдігінен сағға батқандардың, жастықпен қа-

телік жасағандардың түзелуіне мүмкіндік беру міндет. Ал сол ізгілікті пайдаланбай, екінші, үшінші рет қылмыс жасағандарға жазаны қатайтқан дұрыс. Асылбек Жақсылықовтың да маңдайы осымен екінші рет тасқа тиіп тұр.

Өзі пробациялық бақылауда тұрған азамат ақылы болса аяғын аңдап бауы керек еді. Алайда, сол күні ауыл ішінде кетіп бара жатқан бөгде азамат оған жалпыдай келіп амандасып, жол шетінде тұрған арбаны сатып алғысы

кетелігін айтқан. Мына арбаны көршісі жоқ кезде сатып жіберуге болатынын ойлаған Асылбек елпілдеп сатып алушының асты-үстіне түсті. Басқа ауылдан келген жан арба иесінің кім екенін қайдан білсін! Екеуара сөйлесіп, саудаласқаннан кейін арба 480 мың теңгеге бағаланды. Қымбат мүлкін тегін ұстата салғандай болған Жақсылықов жаңа танысына біраз бұлданып көрген. Бірақ анау да ақшаға қатты адам екен, 480 мыңнан бір тиын да артық бермейтін болды. Сонымен екеуі қол алысып, кешкісін кездесетін болып тарқасты. Арзан бағаға қажетті дүниені тапқан жәбірленуші Асылбекті алаяқ деп ойлаған да жоқ. Титтей күмән болса, сонша ақшаны алдын ала алақанына ұстата салмас еді ғой. Қызық ақшаны беріп, кешкісін арбаны алып кетер кезде басталды. Арнайы трактор жалдап, жаңа дүниесін үйіне өкеліп бара жатқан жәбірленуші сонынан қуып жеткен Келесов полиция шақырамын дегенде тосылып қалған. «Полициясы несі, мен арбаның иесіне ақшасын берген жоқпын ба?» деген оның сөзін елей-

тін адам болмады. Ең қызығы, бұл өзі сонша ақшаны ұстата салған адамның құжатын да көрмеген, аты-жөнін де толық білмейтін болып шықты. Абырой болғанда, жәбірленушінің Асылбекпен сөйлесіп тұрғанын көршілер байқап қалыпты. «Осының бәрін жасап жүрген анау Жақсылықовтың баласы болуы керек. Кешелі бері осы жақты иектеп жүргенін, мына жігітпен сөйлесіп тұрғанын байқап қалып едім» деді Жұмат Сайынұлы.

Осылайша қармаққа түскен Асылбек Жақсылықов жұрт арбаны іздеп абыр-сабыр болып жатқанда, ақшаның біраз бөлігін жұмсап та үлгерген болып шықты.

Жетісай аудандық сотының судьясы Мұхтар Жолдасбеков істі таразылай келе Асылбек Жақсылықовты Қылмыстық кодекстің 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп тауып, оған осы бап бойынша 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Сонымен қатар, бұған дейінгі жазасын толық өтемегенін, қателіктен сабақ алмағанын ескеріп түпкілікті 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Нұрлан АЙТҚАЛИ

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор

**Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали	8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев	8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жаная Есмағанбетова	8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров	8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл	8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан	8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай	8 701 385 72 75.
Шығыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы	87757335665
	Талғатжан Мұхамдиев	8 747 746 49 82.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй, Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61

E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 8019 дана Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №120 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын [Zanmedia.kz](http://Zanmedia.kz) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г кәуіпкіті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31